

Оңтүстік Қазақстан облысы  
Қазығұрт ауданы  
«Айболған» бөбекжәй балабақшасы

«Бекітемін»  
«Айболған» бөбекжәй  
балабақшасының меңгерушісі  
Естауова Б.  
« » бөбекжәй балабақшасы 2017 ж.

# Музыка оқу қызметіне ұйымдастырылған Технологиялық картасы

Музыка жетекшісі: Жумашова Н.К.

2017-2018 оқу жылы



Оңтүстік Қазақстан облысы

## № 17 - 18 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Сүйікті қалам Алматы»

**Мақсаты:** музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. Мерекелік көңіл күй сыйлай білуге үйрету.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Нұрғиса Тілендиевтің портреті Алатаудың көрінісін бейнелейтін сурет және үлестірмелі текшелер, асатаяқтар.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** ұнтаспа, диск.

**Сөздік жұмыс:** оркестр, шығарма, ән, күй.

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Жетекші балаларға Б. Дәлденбайдың «**Мерекелік марш**» әуенімен Жамбыл атындағы филармонияға сазгер, дирижер Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығымен танысуға баруды ұсынады. Ырғақты тыңдап, бірдей жүруді сұрайды.

Балаларға филармония кімнің атында және оркестрде қандай аспаптар барлығын естеріне сақтауларын сұрайды.

«Театрда қалай отырамыз?» - деп сұрап, әрі қарай шығарма тыңдауды ұсынады.

Балалар «**Мерекелік маршты**» тыңдауға, ырғағын сезінуге тырысады.

Дирижер Н. Тілендиевтің шығармасына ырғақпен жүріп баруға тырысады.

Балалар филармонияны, аспаптарды есіне түсіреді. Балалар әдепті болуға тырысады.

Балаларға композитор Н. Тілендиевтің суретін көрсетеді, таныстырады.

Н. Тілендиев - композитор, күйші, дирижер екенін айтып, интерактивті тақтаға назар аударады. Н. Тілендиев өмірінен, «Отырар сазы» оркестрінің концертінен үзінділерді көруге шақырады (сурет, ұнтаспа арқылы таныстыруға болады).

Музыканың түрлерін айтып түсіндірді. Ән, күй, аспапта орындалатын шығармаларды көреді, тыңдайды.

Дидактикалық ойын: «**Үш би**». Би түрлерін текше арқылы ажыратуға үйрету.

**Музыка тыңдау:** «**Вальс**» (П.И.Чайковский, ұнтаспадан шығарманы тыңдайды, «Балалар альбомынан»). «Детская полька» М.Глинка. «Аққу» Н.Тілендиев.

**Дауыс жаттығуын «Менің елім»** (Г. Абдрахманова) әніне жасайды.

**Ән үйрену:** «Алатау» (Н. Тілендиев) әнін ұнтаспаны қолданып үйретеді. Әннің мазмұнына тоқталады, түсіндіреді әнді ұлдардан квартет, квинтет тобын құрып айтқызуға болады).

Балалар композитор Н. Тілендиевтің шығармаларын тыңдайды, қарайды, сазгер, дирижер деп айтуға тырысады.

Балалар музыка түрлерін көгілдір экраннан көреді, есте сақтауға тырысады.

Балалар ойынға қатысады, жауап беруге тырысады. Музыка түрлерін: вальс, полька, «Аққу» биін, текшеге қарап ажыратып айтуға талпынады.

Дауыс жаттығуларын ілесе таза айтуға талпынады.

Балалар «Алатау» әнін тыңдайды. «Қуанышты, жігерлі ән» екенін айтуға талпынады.

**Би:** «Асатаяқ» биіне қыздарды шақырады. Н.Тілендиевтің «Ата толғауы» күйін тыңдай жүріп, ырғақтарды қайталауды үйретеді. Қолдарына кішкентай асатаяқтардың макетін беріп, ұстауды үйретеді. («Билеп үйренейік» жинағынан).

Н.Тілендиевтің «Әлқисса» күйін жетекші домбырада ойнап, балаларға қайырмасында ырғақпен ұрмалы үлпемелі ксилофон, шанқобыз аспаптарымен

Үрмелі аспаптардың дауысын ажыратады, атын атап айтады. Балаларды жақсы қатысқаны үшін мақтайды, бүгінгі сазды әуеннен алған әсерін бейнелеу арқылы жеткізуін тапсырады. —

Балалар ойынға қызыға қатысады, есіне түсіреді. Аспаптардың дауысын ажыратып, атын айтуға тырысады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыкалық шығармаларды тыңдап, сипатын ажырата біледі. Әнді мәнерлеп айта біледі.

**Игереді:** дидактикалық үлестірмелі текшелерді пайдалана білуді аспаптарды тыңдап, дауысын ажырата білуді, аспапта ойнауды.

**Меңгереді:** музыканы тыңдап, би ырғақтарына қимылдауды.

**№ 19 - 20 технологиялық карталар**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Гүлдене бер, Астана»

**Мақсаты:** музыка ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажырата білу музыканың динамикалық және қарқындық өзгерістерін сезіну. Ән көңілді, ынталы орындауға төселдіру.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** дидактикалық үлестірме дөңгелектер.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** интерактивті тақта, ұнтаспа, иллюстрациялар.

**Алдын ала орындалатын жұмыс:** Астана туралы әңгімелеу. Әнінің сөзін жаттату.

	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Жетекші балаларды «Көңілді марш» ырғағымен күтіп алады.</p> <p><i>Жаттықтырып денені,</i></p> <p><i>Жаттығуды бастаймыз.</i></p> <p><i>Бір-екі, бір-екі,</i></p> <p><i>Адымдап біз жүреміз, -</i></p> <p>деп, «Музыка ырғағымен жаттығамыз» ырғақты қимылдарын ұсынады. «Сәлемдесу жаттығуын» жалғастырады. Балаларға пойызға отырып, Астанаға аттануды ұсынады.</p> <p>Рэп ырғағымен әндетеді:</p> <p><i>Гүлдене бер, Астана!</i></p> <p><i>Пыш, пыш, пыш, пыш.</i></p> <p><i>Астанамыз - бас қала!</i></p> <p><i>Гу-гу-гу-гу.</i></p> <p><i>Жасай берсін кең дала!</i></p> <p><i>Бір, екі, үш, төрт,</i></p> <p><i>Тоқтатамыз пойызды,</i></p> <p><i>Пыш, пыш, пыш, пыш.</i></p> <p>Екі рет қайталайды.</p>	<p>Балалар әдеттегідей үйренген ырғақтарымен дене жаттығуын жасауға талпынады.</p> <p>Бәрі бірге қосылып, сәлемдеседі.</p> <p>Балалар пойызға отырып, өлең ырғағымен жаңа «рэп» қимылдарын жасауға, сөздерді бірге қайталауға тырысады. Бір рет жетекшімен жасап үйреніп, екінші рет өздері еркін айтуға тырысады.</p>
	<p>Балаларға иллюстрацияны пайдаланып (интерактивті тактада) Астана туралы түсінік береді.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Асқақта, Астана!» (А.Әлиев, Н.Айтұлы) әнін тыңдауды ұсынады. Әннің мазмұнына, әуеніне,</p>	<p>Балалар суретке немесе тактаға қарап, Астана туралы қысқаша фильм көреді.</p> <p>Балалар әнді тыңдайды.</p> <p>Астана - әдемі, жаңа қала</p>

айналмалы дөңгелек таратып беріп,  
 Қ. Құсайыновтың «Сәби қуанышы»  
 шығармасын, «Асқақта, Астана!» әнін;  
 П. Чайковскийдің «Қазан» шығармасын тыңдап,  
 ажыратуды ұсынады.

«Асқақта,  
 Астана!» - жігерлі,  
 «Қазан» - сабырлы.

**Дауыс жаттығуы:** «Менің елім» (Г. Абрахманова) әнін бірнеше рет айтқызады.

**Ән үйрену:** «Бәйтерек» (Б.Әлімжан, Ж.Маханбетова).

Бәйтерек туралы бірнеше сұрақтар қояды. Ән салғанда олардың сөзін анық айтуына, бірге бастап, бірдей аяқтауына назар аударады.

**Би: «Қара жорға».** Балаларды тұрғызып, би қимылдарын көрсетеді. «Айналма», «ашамай», «сырға», «толқын», «иек», «буын» қимылдары, иық, аяқ, бел, мойын буындарының еркін, ырғатылып қимылдауын үйретеді. («Билеп үйренейік»). Балалардың қиялына байланысты би жарысын ұйымдастырады. Биге деген құштарлығы сезілген балалардың өз бетінше билеуіне ерік береді. Және әлсіз, биге ілесе алмайтын балаларды мақтап, мадақтап, алдына тұрғызып, белсенділігін оятады, үйретеді, көңіл күйін көтереді.

Би қимылдарын күннің екінші жартысында қайталатып үйретуге болады.

**Ойын: «Мен күйшімін».**

Балаларды шеңберге тұрғызып, бастаушы баланың қолына домбыра береді. Бастаушы ұнтаспадан берілген күйге шеңбер ішімен айнала билеп жүреді, балалар бір орнында билеп тұрады. Күй тоқтағанда бастаушы өзі қалаған екі баланың ортасына тұра қалады, оң жақтағы бала оңға қарай, сол жақтағы бала солға қарай шеңбердің сыртымен билеп келіп, қай бастаушы баладан домбыраны алса, сол бала бастаушы болып, ойынды әрі қарай жалғастырады.

Балалар әнді бірінші тыңдап алып, сұрақтарға жауап береді. Әнді анық айтуға, бірдей бастап, бірге бітіруге тырысады.

Балалар өз орындарына тұрып, би қимылдарын қайталайды. Буындарын еркін қозғалтуға тырысады.

Балалар би қимылдарына әуенмен ілесе қимылдауға тырысады.

Балалардың биге деген сезімдері оянып, биге құштарлықпен қатысып, қимылдарды өздері құрастыруға тырысады.

Балалар ойынға қызыға қатысып, бәрі де күйші болып, домбыра аспабын ұстауға тырысады. Домбырамен билеп келіп, шартты бұзбауға талпынады.

<p>- Музыканы тыңдаған ұнай ма?  Кім әнді жеке айтқысы келеді? Қандай композиторларды білесіңдер? - Келесі жолы барлық тыңдаған шығармаларды ажыратып жарысамыз. - Сендер өте жақсы ән салып, би биледіңдер.</p>	<p>Балалардың жауаптары тыңдалады.</p>
--	--

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі: музыканы, ырғақты сезіну, сипаттарды ажырата білуі керек. музыканың динамикасын, қарқынын білуі керек.

Игереді: үлестірмелі дөңгелек-текшелермен ойнауды, сипаттарын айналдыру арқылы табуды игереді.

Меңгереді: музыкамен би қимылдарын жасауды, қол буындарын қимылдатуын, би үлгілерін қайталап көрсетуін

## № 21 - 22 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Жомарт өлкем»

Мақсаты: музыканы тыңдау, сезіну, сипатын ажырату, динамикасын білу  
Туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін дамыту.

Қолданылатын көрнекті құралдар: ноталар, нота сызықтары.

Қажетті құрал-жабдықтар: үнтаспа, диск.

Сөздік жұмыс: ноталар, елім менің, қысқа, ұзақ.

	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Жетекші балаларды <b>«Менің елім»</b> әнімен (Н.Назарбаев, Б.Тілеухан) карсы алады. Жалаушалармен жаттығу жасайтынын айтып, орындарына тұрғызып үйретеді. <i>Туған жердің жырларын</i> <i>Қызғалдақтай терейік.</i></p> <p><i>Кең өлкенің қырларын</i> <i>Жүр, аралап келейік!</i> - деп акын М.Әлімбаев туған жерін осылай жырлапты.</p>	<p>Балалар екі қолына жалауша ұстап жүреді; сапты бұзбауға, үш қатарға бөлінуге тырысады. Балалар өлеңді тыңдайды. «Туған жер» өлеңін есіне түсіріп айтуға тырысады.</p>
	<p><b>Музыка тыңдау: «Туған ел»</b> әнін (Л. Хамиди) отырып тыңдайық (үнтаспадан тыңдайды). — Әнді кім жазады? Балаларды дидактикалық ойын ойнауға ұйымдастырады.</p>	<p>Композитор</p>
	<p><b>Дидактикалық ойын: «Ноталарды орналастыр».</b> - Қандай ноталар болады? - Ән канша нотадан тұрады? Осы ноталарды құрастырын, ән, шығармаларды жазатын адамды композитор дейміз. Қазақ ССР-не еңбегі сіңген кайраткер, балалардың досы Латиф Хамидидің суретін көрсетіп, таныстырады. Л.Хамидидің жазған әндері өте көп, оның ішінде Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңіне ән жазған, тағы да көптеген әндері бар. Бала саны бойынша үлестірмелі текшелер таратады. (Нота сызықтары мен ноталар).</p>	<p>Балалар ноталарды есіне түсіреді. Қысқа. Ұзақ Жеті нотадан тұрады</p> <p>Балалар үлестірмелі текшелерді алып,</p>

- Соль нотасын мен айтамын, ал сендер әрі қарай жалғастырыңдар.  
- Соль нотасын екінші сызыққа қоямыз, ал қалғанын өздерің орналастырыңдар.

Дауыс жаттығуы: «Жаттығамыз өзгеше» (И. Нүсіпбаев, Г.Абдрахманова).

ми, ре, до  
Фа, ми, ре, до  
Дауыс жаттығуын  
бірте-бірте жоғары,  
бірте-  
бірте төмен айтуға  
үйренеді.  
Сызықтарға дұрыс  
орналастыруға  
талпынады.

**Ән үйрену:** «Жомарт елім» (И.Нүсіпбаев, Т.Молдағалиев). «Алатау», «Бәйтерек» әндерін қайталауды ұсынады. «Қара жорға», «Асатаяқ» билерін қайталап үйренуді ұсынады.

Балалар ауызды дұрыс ашуға, айғайламай, өзін тыңдап айтуға үйренеді.  
Биді есіне түсіріп, қайталайды.

Ұлдардың қимылын бөлек, қыздарды бөлек үйретеді.

Н.Тілендиевтің «Әлқиссасын» балалардың қайталап ойнауын ұсынады. Айтқан әндерің ұнады ма? Ол әнді қай композитор жазды?

Ән әдемі

Ибрагим Нүсіпбаев

Балалар тыңдалған шығарманы еске түсіреді.

Үйге «Жомарт өлкем» деген тақырыпқа сурет салып келуді тапсырады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтуды білу керек.

Игереді: ноталарды сызықтарға дұрыс орналастыруды игереді.

МЕҢГЕРЕДІ: ұлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне билеуді.

## 23 - 24 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Біздің рәміздер»

**Мақсаты:** музыканы тыңдап, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: герб, ту суреттері иллюстрация түрінде

Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.

Алдын ала орындалатын жұмыс: герб пен ту туралы түсінік. «Елім менің» әнін жаттау.

Сөздік жұмысы: ту, герб, гимн.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Жетекші балаларды «Елім менің» әнімен кіргізеді, амандасады.

«Жалаумен жаттығу» - 1, 2, 3 қатарға тұрып, кішкентай, үлкен шеңбер жасап үйренеді.

Герб пен ту туралы аңызды әңгімелеп береді.

Гимнді айтуын ұсынады.

**Музыка тыңдау:** «Қазақстан жалауы» (Д.Омаров, С.Қалиев).

Балаларды отырғызып, әнді айтып береді.

Балалар жалаушамен жүруді, қатарға тұруды меңгереді, шеңбермен жүріп, жаттығу жасайды.

Өздері білетін ел туралы, жер туралы, Отан туралы мақал-мәтелдері н айтады.

Герб пен ту жайлы тақпақтар айтып береді.

- «Қазақстан жалауы» әнінің ырғағы қандай?

- Бұл әнде жоғары дыбыс бар ма? Қай жерінде?

- Қысқа және ұзақ дыбыс бар ма?

- «Паровоз ұзақ гуілдейді және қысқа дыбыс береді. Әнде де дәл солай, қысқа, ұзақ дыбыстар бар» деп түсіндіреді. «Стаккато» дауыс жаттығуын айтқызады үйретеді.

Қолдарына кішкентай таяқшалар, алдына жастықшалар береді. «Қазақстан жалауы» әнін айтады. Балаларға таяқшаны ұрып, ырғақты сезінуін ұсынады. *Көк ас-пан-да көк ту бар.*

- Қай жерінде ұзақ дыбыс бар?

2-3 мәрте негізгі буын, бас буын, соңғы буынды айтады.

- Енді ән айтып, даусымызды жатықтырайық.

**Ән үйрену:** «Елтаңбасы елімнің» (Д.Омаров, С.Қалиев).

- Би билейік, үйренейік, қозғалайық, қуанайық.

Әннің ырғағы орташа, салмақты Жоғары дыбыстан басталады

Балалар дыбысты салады. ( Гу-у-у-у - ұзақ Гу-у - қысқа

Балалар таяқшамен жастықшаларды ұрып, ырғақты сезінеді.

Соңғы буында

Дауыс жаттығуын жасап, ән айтуға тырысады. Әнді бірге айтып, үйреніп, оған қоса қимылдарды да жасауға тырысады.

Шабу, тізелерін көтеріп жүру, т.б.

Қыран құс қалықтап ұшады. (Жетекшінің таңдауымен қыран құстың дыбысын пайдалану).

Батырлар биін үйретеді. Қара баланың қимылына (И.Сапарбай «Қазақтың қара бапасы» «Сенілер» тобының ұнтаспасын пайдалану. «Билеп үйренейік»

Балалар ойынға белсене қатысады.

Балалар, сендер қандай әуендер тыңдадыңдар? Герб туралы не білесіңдер?  
«Елім менің», «Қазақстан жалауын» тыңдадық Біз гербімізбен, Туымызбен  
мақтанамыз

Қорытынды нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдап, ұзақ, қысқа, жуан, жіңішке дыбыстарды  
ажыратуды.

Игереді: жалаушамен жаттығуды музыкамен жүріп жасау, музыкан таңдап  
жалаушаны көтеру. Таяқшамен ырғақты сезініп қағуды игереді.

Меңгереді: музыкамен аттың шабысын, батырлардың қимылын жасауды.

## № 25 - 26 технологиялық карталар

**БІЛІМ беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Қысқы орманда»

**Мақсаты:** әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулау.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** шырша.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** ұнтаспа, диск.

**Алдын ала орындалатын жұмыс:** қысқы орман туралы түсінік П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы мен Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл» әнін сипаттап, қандай айырмашылықтары бар екенін білу.

**Сөздік жұмысы:** жаңа жыл, сабырлы, көңілді, ырғақ.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Балалар педагогпен бірге келеді, жетекші қарсы алады.

Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер-ме, ба-ла-лар! - деп жаттығу арқылы сәлемдеседі.

Балаларды қысқы орманға шақырады. Қысқы орманның жіңішке, жуан, сабырлы да ақырын, көңілді жолдары, көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса, қысқы орманға аттанайық. \_\_\_\_\_

Балалар залға еркін кіріп тұрады.

Сә-ле-мет-сіз-бе?

Балалар музыканың сипатын, тембрін естеріне түсіруге тырысады.

Оған баруымызға бізге музыка көмектеседі.

**Дидактикалық ойын:** «Айналмалы дөңгелек».

П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан», Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл», К.Қуатбаевтың «Балдырғандар маршын» тыңдатады. Шығармалардың сипаты ауысқанда, әртүрлі қимылдарды жасап жүру керегін үйретеді.

- П.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасында біз қандай жолмен жүрдік?

- Жарайсыңдар, балалар, орманда ешкім қалып қойған жоқ па?

- Балалар, қысқы орманның жаңғырған дыбысы өте таза, - деп, балаларды шеңберге тұрғызып, «Музыка жаңғырығы» жаттығуын жасауды ұсынады (М.Андреева). Балалардың орман құбылысына көңіл бөлуін сұрайды (кішкентай шыршаны алдын ала дайындап қояды).

«Шырша» әнін айтады. Әннің жылдам, көңілді әуенін үйрене отырып, ырғақтың суреттеріне мән бере, таза айтуға дағдыландырып, дыбыс биіктігін ажырата білуін ұсынады.

«Желтоқсан» шығармасында «вальс» ырғағымен жүруге тырысады. «Жаңа жыл» әнінде орындыққа отырып, қолға жылтырақтар алып, оңға- солға бұлғайды.

«Балдырғандар маршын» тыңдап, ырғағын қағады. «Вальс» - сабырлы,

«Балдырғандар маршы» - көңілді,

«Жаңа жыл» - әсерлі.

Балалар шеңберге тұрып, дауыс жаттығуын айтады.

Балалар кішкентай шыршаға жақындап қарайды, әнді орындарына отырып айтады. Әннің көңілді, жылдам ырғақтарына мән беріп, таза айтуға тырысады.

Дыбыс биіктігін ажыратуға талпынады.

П.И.Чайковскийдің жаңа жылға арналып жазылған «Щелкунчик» балетінің бірінші бөлімі

П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді тыңдайды.

**Аспапта ойнау: «Полька» (Филиппенко).**

Балаларды ұрмалы аспаптарда ойнауға үйретеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді сазымен айтуды, тыңдауды, естіп білуді.

Игереді: музыканы тыңдап, түрі өзгерген сайын, «сабырлы», «жеңіл», «көңілсіз», «көтеріңкі» сипаттарын ажыратуды игереді.

Меңгереді: музыканы тыңдап, марш, вальс, полька сипаттарын ажырата біледі. Вальс ырғағының элементтерін қайталайды.

## № 27 - 28 технологиялық карталар

**БІЛІМ беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Егеменді елім» (ертеңгілік)

**Мақсаты:** музыкадағы бейнелерді ажыратуға, әннің сергек сипатын қимылмен бере білуге үйрету.

**Колданылатын көрнекі құралдар:** герб, ту, гүлдер, жалауша.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** ұнтаспа, дискі.

**Алдын ала орындалатын жұмыс:** тәуелсіздік туралы түсінік. «Елім менің» әнін жаттап, сезініп, баршаға би ырғағымен жеткізе білу.

**Сөздік жұмысы:** елім менің.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Қыздар гүлдермен, ұлдар жалаушамен «Елім менің» әнімен музыка залына кіреді. Екінші шумағында ырғақпен оңға, солға тербетіледі. Алға, артқа аяқтарын қозғап, жалаушамен ырғақты сезінуін, қимылдауын ұсынады. Үшінші шумағында қыздар шеңбердің ішінде, ұлдар шеңбердің сыртында, қыздар оңға, ұлдар солға айналып жүреді, әннің соңында бәрі орнына келіп бітіреді.

Балалар бірінің артынан бірі кіріп, үш қатарға тұруға талпынады.

Балалар әнді тыңдап, ырғақпен қимылдарды жасауға тырысады.

Жетекші А.Сәрсековтың өлеңін мәнерлеп оқиды:

*Аспандай мөлдірмін,*

*Жайлаудай жазықпын.*

*Өзенімдей өршілмін,*

*Гүлдерімдей нәзікпін.*

Бала:

*Қуат алған өзінен*

*Туған елдің ұлымын.*

*Бақытты етіп өсірген,*

*Отанымның гүлімін.*

Басқа балалар жалғастырады. Жетекші балаларға тыңдаған, айтқан ән-шығармаларын есіне түсіреді.

**Музыка тыңдау:** «Алатау» (Н.Тілендиев) әнін «Жігіттер» тобының орындауында тыңдауды ұсынады.

Алдын ала дайындаған қыран құс, пырақтар шауып келіп тұрады.

«Елтаңба мен Ту туралы аңыз» қойылымын сомдап ойнауды ұсынады.

Қойылымнан кейін «Елтаңбасы елімнің», «Қазақстан жалауы» әнін қайталаймыз.

«Ата толғауы» күйіне қыздардың «Асатаяқ» биін билеуін ұсынады.

Балалар өлеңді мұқият тыңдайды.

Гимн айтылатын кезде тік тұрып, қолдарын көкірекке қояды. Балалар

құралдарды өз орнына әуенмен жүріп қоюға тырысады. Басқа балалар әнді

тыңдайды. Балалар алдын ала дайындаған рөлдерін жақсы көрсетуге тырысады.

Балалар билерді белсене, қуана билейді.

Балалар, қандай аңыздың қойылымын қайталадыңдар?

«Алатау» әнін қай композитор жазды?

**Ойын:** «Шаңырақ». Балаларды ойынға шақырады. Балалардың жақсы қатысқанын

## № 29 - 30 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырбы:** «Орманда серуендейміз»

**Мақсаты:** музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін түсініп, ажырату. Әннің ырғағын сақтау.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** ұнтаспа, диск.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** ұлпалар, қыраулар.

**Алдын ала орындалатын жұмыс:** П.И. Чайковскийдің «Қаңтар» шығармасымен танысу.

**Сөздік жұмысы:** Аязата, Жаңа жыл, Ақшақар, глиссандо.

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
П.И. Чайковскийдің «Қаңтар» шығармасымен таныстырады, тыңдатады. - Балалар, айтыңдаршы, ненің дыбысы шығып жатыр? (Аязата мұздармен ойнайды, ұлпалар ұшады, қыраулар қатады). Балаларды тұрғызып, тыныс	Балалар П.И. Чайковскийдің «Қаңтар» атты шығармасын тыңдайды. Көз алдына қыс құбылысын елестетуге тырысады.

жаттығуына шақырады. Әуеде ұшқан ұшқындарды қағып алып, тыныс шығарамыз.

Балалар тыныс жаттығуын дұрыс жасауға тырысады.

**Дауыс жаттығуы:** «Қыс». Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (Қ.Шілдебаев, Е.Елубай).

- Әнді тыңдағанда қандай көңіл күйде отырдыңдар?

- Енді П.И. Чайковскийдің «Қаңтар» шығармасын тағы да тыңдап, салыстырыңдар. Қандай ерекшеліктері бар? Қандай дыбыстарды естисіңдер?

- «Жаңа жыл» әнінен қандай айырмашылығы бар?

- Балалар, қыста суық, боран болғанда қандай дыбыстар шығады?

- Енді «у» деген дыбысқа глиссандо жасап үйренейік.

Глиссандо жоғары дыбыстан төменгі регистрге дейін «у» дыбысына түседі, екі рет «о» дыбысына түседі.

- Енді дыбыстарды үзіп-үзіп айтуға тырысайық.

**Ән үйрену:** «Ақша қар» (Е.Өміров, Қ.Жәленова) әнін айтып үйренуді ұсынады.

Әнді орындап береді, қандай сипатта екенін сұрайды.

Балалар «Қыс» жаттығуын, «Жаңа жыл» әнін айтуға талпынады.

Көңілді отырдық

«Қаңтар» шығармасын тыңдайды.

«Жаңа жыл» әнін дауыстап айтады. Балалар әнді тыңдап, сипатын ажыратуға тырысады.

У-у-у-у-у

«О» дыбысына глиссандо жасауға тырысады. О-о-о-о-о

«У» дыбысын үзіп айтуға тырысады.

**Аспапта ойнау:** «Полька» (А.Филиппенко).

П.И. Чайковскийдің «Жаңа жыл» әнін

**КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:**

**БІЛЕДІ:** музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін әннің ырғағын сақтау

**Игереді:** музыка мен дауыс жаттығуларын айтуды, глиссандо жасауды, үзіп айтуды. Шығарманы дұрыс табуды.

**Менгереді:** вальс ырғағымен жүруді, сезіне билеуді.

## № 31 - 32 технологиялық карталар

БІЛІМ беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Қысқы әуен сыңғырлайды»

МАҚСАТЫ: музыкаға қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығының сипатын ажырата білу, эмоциясын ояту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: текшелер, аққала.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.

Алдын ала орындалатын жұмыс: қыстағы әуеннің сыңғыры туралы түсінік «Марш» және «полька» ырғақтарын жаттау, бір-бірінен ажырата білу

Сөздік жұмысы: шаңғы, шана, ойма.

	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Жетекші балаларды карсы алады, «Сәлемдесу жаттығуын» айтады.</p> <p>- «Марш» және «Полька» ырғақтарын есімізге түсірейік, - деп, шығармаларды тыңдатады, ауыстырады.</p> <p>Балалардың өз еркімен музыканы тыңдап, ажыратуына, билеуіне ерік береді.</p>	<p>«Сәлемдесу жаттығуына» косылады.</p> <p>«Марш» пен «полька» ырғағын ажыратуға тырысады.</p>
	<p>А.Вивальдидің «Қыс» концертін ұнтаспада тыңдатады.</p> <p>- Балалар, шығарманы сипаттап беріңдер, - деп ұсыныс айтады.</p> <p>Дауыс жаттығуы: «Қыс» жаттығуын айтып даусымызды жаттықтырайық.</p> <p><b>Үлестірмелі дидактикалық ойын:</b></p>	<p>Балалар жайғасып отырып тыңдайды, естеріне түсіреді.</p> <p>Сипаттап айтуға тырысады (жігерлі, ашулы, аязды, т.б.)</p>
	<p>«Теңіз» («Дидактикалық ойындар» жинағынан).</p> <p>Түсінбеген балаларға тағы да екі-үш мәрте қайталау керек.</p> <p><b>Ән үйрену:</b> «Қыс қызығы» әнін орындап береді, үйретеді.</p> <p><i>Қыста қызық ойнаймыз, Суықтан біз қорықпаймыз. Аязда біз тоңбаймыз, Қыс қызығын тойлаймыз!</i></p> <p>Екі, үш мәрте айтып жаттығады.</p> <p><i>Шыркөбелек айналып, Би билейік ырғалып,</i></p> <p>- деп ұлдарға «Аққалалар» жеңіл ырғақты биін үйретеді. Қыздар «Ұлпақарлар» биін қайталайды («Билеп үйренейік» жинағынан).</p>	<p>Шығарманы тыңдап, бірнеше толқынды текшелерден тандап көрсетуге тырысады.</p> <p>Балалар толқындарды жақсы меңгеруге, әнді мәнерлеп айтуға тырысады.</p> <p>Ұлдар жеңіл әуенге шыршаны айнала жүріп, қимылдарды үйренеді. Қыздар қимылды, биді</p>

Рефлексиялық- түзетушілік	<p>Балалардан дайын, қиылған «аққала» «Аязата», «шырша», ойыншықтар араласып жатқан сандықшаны ашуды сұрайды.</p> <p><b>Ойын: «Жылдам құрастыр».</b></p> <p>«Желтоқсан» шығармасы біткенше аяқтаңдар» деген тапсырма береді.</p> <p>Аспаптарда ойнаймыз: «Полька» (Штраус).</p> <p>Балалардың жауабын, жұмысын көріп, мадақтайды.</p>	<p>Балалар сандықшаны ашып, қиындыларды еденге жайып отырып, музыканы тыңдап, құрастыруға тырысады.</p>
------------------------------	---	---

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы қызығып тыңдауды, сипатын ажыратуды.

**Игереді:** музыкамен дауыс жаттығуын айтуды. «Қандай толқын» дидактикалық ойынын ойнауды.

**Меңгереді:** шығарманы тыңдап, «марш», «полька», «вальс» ырғақтарына еркін қимылдауды.

### 33 - 34 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Қыс қызығы»

Мақсаты: әуен сазына ілесе қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету.

Көрнекілік: қыс туралы суреттер.

Сөздік жұмыс: шаңғы, шана.

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Көңілді әуенмен музыка залына келеді. Шеңбер бойында жеңіл қимылмен жүгіреді. Шаттық шеңберін құрады</p> <p>Қыс келді, қыс мұз-қарлы, Қыраулы да ызғарлы. Қыс келді, қыс боранды, Қырат көрпе оранды. Қыс келді, қыс мықты анық, Қайтсе де біз ықпадық. Қыс келді, қыс уайым ба, Қандық біздер ойынға!</p>	<p>Балалар музыка залына көңілді әуенмен келеді. Қыс туралы өлеңді ынтамен тыңдап, өлең туралы түсініктерін жеткізеді.</p>
<p>Қазір жылдың қай мезгілі? Өлеңде не туралы жазылған? Қыста табиғатта қандай құбылыстар болады? Қыс мезгілінің ұнайтын, ұнамайтын жақтарын атаңдар. Қыста шаңғы, шанамен ойнайсыңдар. Жақсы. Күн суық, қалың киінесіңдер. Жаман. Бірақ көңілді. <b>Музыка тыңдау: Вальс (С.Майкапар).</b> Музыканы көздеріңді жұмып отырып тыңдауға болады. Сендер мұндай музыкаға қандай қимыл жасағыларың келеді. Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады. Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, жұбымен айналуға болады. Өткен әндерді еске түсіріп, қайталау.</p>	<p>Балалар қыс туралы білгендерінше жауап береді. Балалар алған әсерлерін жеткізуге тырысады.</p>

**Ән айту: «Қыс қызығы»**

(И. Нүсіпбаев, Е. Өтетілеуұлы). Әнді музыка жетекшісі орындап береді.

- Әнде не туралы айтылған?

- Қандай көңіл күйде? Мәтінін әуенге қосылып үйрену. Ойын: «Қасқыр мен көжек». Музыканы тыңдай отырып, әр аңдарға тән музыканы ажырата білу. Жеңіл, көңілді көжектер қаһарлы да ашулы қасқыр музыкасы естілісімен қашуға дайын болу.

**Би: «Қасқыр мен қояндар».**

Көрініс би («Билеп үйренейік»). Түсініктеме бойынша қимыл жасап, әуенді ырғақпен үйлестіре би қимылдарын жасау.

Әнді тыңдай отырып, қандай жыл мезгілі туралы айтылғанын әңгімелейді.

Музыка әуеніне ілесе отырып, әр аңға тән қимылдарды жасайды. Жеңіл әуенге көжектер жеңіл секіреді, қасқыр музыкасында қашуға талпынады.

- Бүгін қандай жыл мезгілі туралы ән үйрендік?

- Ән сендерге ұнады ма?

- Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі сендерге қатты ұнады? Қорытындылау, бағалау,

## № 35 - 36 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Аңдардың айтысы»

**Мақсаты:** әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету.

**Көрнекілік:** түлкінің, аюдың, кірпінің маскалары.

**Сөздік жұмыс:** кәрі емен.

Оқу іс әрекетінің кезеңдері

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

Залдың іші қысқы орманның көрінісін бейнелейтіндей безендірілген. Балалар орман ішіне қойылған кедергілерден, қисық жолдардан өтіп, орындықтарға орналасады.

*Халық «қу» деп,*

*Қылған күлкі,*

*Айласы көп,*

*Бұл не?*

Шешуі: Түлкі

*Жаңғақ жауған орманда*

*Күндіз қорек айырып,*

*Жатады кеш болғанда*

*Өз құйрығын жамылып.*

Шешуі: Тиін

**Үстің толған ине,**

**Бірін берсең, шіркін,**

**Қадар едім түйме.**

Шешуі: Кірпі

Балалар, біз жақында ғана жаңа жыл мерекесін тойладық. Міне, қазір ескі жаңа жыл да келді. Өздерің білесіңдер, жаңа жыл ертегі ғажайыптарына толы. Бізде ертеңгілікке қандай аңдар, ертегі кейіпкерлері келді? Сол мерекені еске түсіріп, әрі қарай өзіміз аңдар болып айтысамыз, ойын ойнаймыз.

**Музыка тыңдау: «Күлдіргіштер».**

И. Чайковский - орыстың ұлы композиторы, балаларға арнап көптеген шығармалар жазған. «Аққу көлі», «Ұйқыдағы ару» балеттері бар. Өзіміз жиі тыңдайтын «Ойыншық» солдаттар маршын» осы кісі жазған. Адам өмірінде күлкінің де алар орны ерекше. Міне, айналасын күлдіріп жүретін күлдіргіштерге арнап осы музыканы шығарған.

Музыканы тыңдағанда күлдіргіштердің іс-әрекетін елестете алдыңдар ма? Балалардың іс-әрекеті

Балалар орман ішінде түрлі кедергілерден аттап, музыка әуенімен жүрді.

Балалар күлдіргіштер музыкасын тыңдай отырып, күлдіргіштердің іс-әрекетін елестетеді.

Осы көңілді күймен балаларды топқа бөліп, аңдардың айтысын бейнелеу.

**Ән айту: «Аңдардың айтысы»** (Р.Наурызбаева, Ш.Құлманова).

Түлкінің әнін үйретіп, қимылдарын көрсету. Келесі топ Аю әнін айтып, әнмен бірге қорбандап жүру. Тез, шапшаң қимылмен балаларға Кірпі жүрісін көрсетіп, әнін айтқызу. Аңдар хорын барлығы түгел айтады.

Өткен іс-әрекет кезінде бастап үйренген көрініс биді әрі қарай жалғастырып үйренеді.

- Бүгін бізде қандай аңдар қонақта болды?

- Қай аңдардың әнін орындадыңдар?

- Орманда өткен сабақ сендерге ұнады ма?

Қорытындылау, бағалау, аңдарды жақсы сомдаған балаларды марапаттау.

Балалар алған әсерлерін жауап беру арқылы жеткізеді. Көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әуенге сай аңдардың музыкасын ажырата біледі.

**Игереді:** кәрі емен, бұлаң-бұлаң, балпаң-балпаң сөздерінің түсініктерін.

**Меңгереді:** әр аңға тән музыка бойынша қимыл-қозғалыс дағдыларын

## № 37 - 38 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Бауырсақ» ертегісі

**Мақсаты:** балаларды ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауға үйрету.

**Көрнекілік:** «Бауырсақ» ертегісіндегі кейіпкерлердің атрибуттары.

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Балаларды музыка әуенімен қарсы алады. Шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді.</p> <p><i>Жан әжемнің жанында Тіпті рахат секілді. Айтады ұйықтар алдында Ертегіні не түрлі.</i></p> <p>- Сендер қандай ертегі білесіңдер? Оның ішінде қандай ертегіні жақсы көресіңдер? Ал енді сол ертегіні еске түсірейікші. Қандай кейіпкерлер бар? Балаларға әр кейіпкерді суреттейтін музыка тыңдатып, сол музыкаға сай қимылдар жасату.</p>	<p>Балалар музыка әуенімен жүреді, жүгіреді. Ертегі туралы білгендерін айтуға тырысады. Музыка тыңдап, әр аңға тән музыканы атайды, жүрісін салады.</p>
<p>«Бауырсақ» ертегісін сахналауды ұсынады. Балалардың қалауы бойынша кейіпкерлерді рөлге бөлу.</p> <p>Баяғыда кемпір мен шал болыпты. Бірде шал кемпірінен бауырсақ пісіріп беруін сұрапты. Күй ойналып, ата мен әже әрі-бері жүріп, әженің қамыр илегенін көрсетіп, бауырсақты терезе алдына келтіреді. Жата-жата шаршаған бауырсақ терезеден домалап түсіп, қашады. Музыка әуенімен секіреді, жүгіреді, қашады. Қоян (әндете, белгілі бір әуенге салып): Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін. Бауырсақ (әндете): <i>Мен атамнан қаштым, Апамнан да қаштым! Ал сенен қашу, қоян, Қиын емес маған.</i> Бауырсақ қашып кетеді. Музыка жетекшісі: Балалар, бауырсақ қояннан қашып кетті ғой. Кәне, бәріміз қоянның көңілін көтеріп, «Қояндар биін» қосылып билейік.</p>	<p>Балалар өз қалаулары бойынша рөлдерді бөліп алады. Әже рөлін сомдаған бала қамыр илеп, нан пісіріп, оны терезе алдына қояды. Бауырсақ жеңіл музыка әуеніне ілесіп домалайды. Қоян бауырсаққа қарсы жүріп, жейтінін байқатады.</p>

Музыка ойналып, қасқыр шығады.

Қасқыр (әндете): Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін.

Бауырсақ (әндете): Сен мені жеме, мен өлең айтып беремін (әнін айтады). Қасқыр аңтарылып қалады.

Музыка жетекшісі:

- Қасқыр, сен ренжіме, балалар сенімен ойын ойнап, көңіліңді көтермек. **Ойын:**

**«Қасқыр қақпан».**

*Қасқыр түсті қақпанға  
Жортып келе жатқанда.*

*«Аяғым» деп шыңыртты*

Түлкі (әндете):

*Мен сұлу түлкімін,  
Жай өтпес бір күнім.*

*Ішінде жүремін,  
Айғай-шу күлкінің.*

Алдынан Бауырсақ кездеседі.

Түлкі: Амансың ба, Бауырсақ! (Әндете) Қандай әдемі болып кеткенсің!

Бауырсақ әндетеді.

Түлкі: Құлағым естімейді, қайта айтшы

Музыка жетекшісі:

- Балалар, бауырсақты түлкі жеп қоймақшы, қәне бәріміз құтқарайық. Қалай құтқаруға болады?

Музыка жетекшісі:

- Түлкі, сен бауырсақты жеме, біз саған көңілді ән айтып береміз.

Ән: «Ертегілер».

Бауырсақ әнін айтып, қасқырдан қашып кетеді.

Балалар шеңберде жүріп өлеңді айтып, қасқыр ортада аяғын ұстап қимыл жасады.

Аю қорбаңдап әуенімен ән салады, бауырсақты кездестіреді.

Аю балалармен ойын ойнайды.

Түлкі қутыңдап келеді.

Бауырсақ әнін айтады.

Балалар бауырсақты түлкіден құтқарады.

	Қорытындылау, бағалау.	Балалар топтарына тарайды.

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі: балалар ертегіні сомдай, сахналай білуі керек.

Игереді: рөлде ойнау дағдыларын.

Меңгереді: ертегіні сахналау дағдыларын.

## № 39 - 40 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Айнала ақша қар»

**Мақсаты:** музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету.

Табиғатқа әсерлену, қызығушылығын арттыру.

Көрнекілік: қыс көріністері салынған суреттер.

Сөздік жұмыс: зырлаймыз, тынбаймыз, төтеп беру.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Балаларды музыка залында көтеріңкі көңіл күймен қарсы алады.

*Айналамда ұшып жүр,*

*Ақ мамық қар себелеп.*

*Қалт-құлт еткен бейне бір,*

*Ақ қанатты көбелек.*

(З. Шүкіров)

Балалар көңілді әуенмен залға келеді.

Өлеңді тыңдап, не туралы айтылғанын түсінеді.

Балалар, айналаға көз салыңдаршы, қандай құбылысты байқадыңдар?

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс сендерге несімен ұнайды?

*Аяз қысып,*

*Өрнек сызып,*

*Терезенді торлайды.*

*Қарға омбығып,*

*Бет домбығып,*

*Балдырғандар ойнайды.*

Балалар жұмбақ-өлеңге жауап айтады.

Қыс көріністері туралы түсініктерін жеткізеді.

- Балалар, бұл өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып тұр?

**Музыка тыңдау:** «**Бұл қай кезде болады? Қыс**» (Б.Ерзакович) Бұл жұмбақ-өлең қыс көрінісін суреттеп отыр. Композитор жылдың төрт мезгіліне арнап жұмбақ өлең жазған. Әр мезгілді өлеңге қосып жұмбақтаған.

**Ән айту:** өткен әндерді еске түсіріп қайталау. Әнді айғайламай, бірін бірі тыңдап, дем алғанда иықты көтермей айту.

**Жаңа ән:** «**Айнала ақша қар**»(И. Мамақов, Қ. Ыдырысов). Музыка жетекшісі әнді орындайды. Балалардан әнде не туралы айтылғанын, әннің көңіл күйін, қандай жылдамдықта орындалғанын сұрайды. Кейбір сөздерге түсінік беру.

Әуенді-ырғақты қимылдар: «Көңілді балалар» (Литва халқының әуені).

Балалар көңілді музыка әуенімен серіппе, екі қадам алға және артқа жүріп, аяқты 3 рет топылдатады. Қимылды ырғақпен бірге жасау. Әуенді бірнеше рет қайталап, қимылды есте сақтау.

**Би:** «**Қояндар биі**» («Билеп үйренейік»). Би қимылдарын жинақтағы түсініктеме бойынша жасау. Қоян қимылдарын аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп жасау.

Қыс мезгілі

Балалар өткен әндерді естеріне түсіріп айтады.

Ән туралы, қыс көріністерін әңгімелеуге тырысады.

Балалар әуенге ілесіп ырғақпен қимылдар жасауға талпынады.

Балалар қыс туралы білгендерінше жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі :** қыс көріністерін суреттеп айта білулері керек.

**Игереді:** зырлаймыз, тыңдаймыз, төтеп беру сөздерін түсінеді.

**Меңгереді:** би қимылдарын, әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын.

## № 41 - 42 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**БӨЛІМІ:** Музыка

**Тақырыбы:** «Бесік жыры»

**Мақсаты:** лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармалар ырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру. Би қимылдарын мәнерлеп орындауды үйрету.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** бесік, қуыршақ.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** сылдырмақ, қоңырау, тұяқтас, металлофон

**Алдын ала орындалатын жұмыс:** «Бесікке салу» дәстүрі туралы әңгімелеу.

Сөздік жұмыс: бесік жыры, әлди-әлди.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

«Вальс» (Шуберт. «Билеп үйренейік» жинағынан) ырғағымен балаларға би қимылдарын қайталауды ұсынады. Аяқ ұшымен жеңіл жүгіру, қол ұстасып баяу тербетілу, айналу, орын ауыстыру қимылдарын бекітеді. Балаларды шеңбер бойымен отырғызады. Жұмбақ жасырып, шешулерін сұрайды.

*Тұрады ол әр үйде,*

*Жайлы орын сәбиге.*

*Шаңғы табан үйшік ол,*

*Тербететін, әрине.*

*Бұл не?*

**Шешуі:** Бесік

Балалар өздеріне таныс вальс қимылдарын еркін орындайды.

Ойлап тапқан би элементтерін қоса орындайды.

Балалар жұмбақты тыңдап, шешуін ойланып табады.

- Балалар, Әмина әжеміз бүгін немересі Айдананы бесікке салу рәсімін жасайды екен. «Бесік тойына» біз де барайық.

Бесік жанында әже немересі (қуыршақ Айдананы) алдына алып отырады.

Балаларды төрге шақырып, отыруды ұсынады.

Ортаға бесік әкеліп қояды. Бесікке қуыршақ «сәбиді» жатқызып, бөлейді.

- Біз қуыршақты бөлеп, бесікке салу рәсімін жасайық. Аршаның түтінімен бесікті аластап, тазарталық.

*Алас, алас, баладан алас,*

*Көзі жаманның көзінен алас,*

*Тілі жаманның тілінен алас,*

*Қырық қабырғасынан алас,*

*Отыз омыртқасынан алас.*

*Бісіміллә, келді міне иесі,*

*Көш пәлесі!*

- деп, аластап, сәбиді бөлеуді көрсетеді. Бесікті тербетеді.

**Музыка тыңдау:** «Бесік жыры» (Қ.Өрісбаев, Ш.Мұхамеджанов) әнін айтып, тыңдауды ұсынады.

- Бесік жыры қандай ән екен?

- Сендерге ұнады ма? «Әлди-әлди» халық әнін айтып, балаларға қосылып айтуды ұсынады. Баяу, жұмсақ әуенді сипатын өз эмоциялық сезімдерімен әндете

қайталауды ұсынады.

Бесікке салу дәстүрін көріп, еске сақтауға тырысады.  
 Әженің айтқан сөздерін тыңдап, түсінуге тырысады.  
 Балалар «Бесік жырын» тыңдап, әннің сипаты туралы әңгімелейді.  
 «Әлди, әлди» халық әнін орындап, дауыстарын ашық, жарқын және баяу, ақырын шығарып айтуға тырысады.  
 Жаңа әннің лирикалық әуенін жеткізе әндетуге үйренеді.

<p><b>Ән үйрену: «Бесік жыры»</b>          (И.Нүсіпбаев, С.Жиенбаев).          Әнді үйрете отырып, мазмұнын қысқаша таныстырады, лирикалық әуеніне мән береді. Орындау барысында балаларға қуыршақтарды алып, жұбатып, тербету қимылын ән ырғағымен бірге жасауды көрсетеді.</p> <p><b>Ойын: «Қандай аспап?»</b> (Б.Дәлденбай, А.Асылбек). Ойынға сылдырмақ, бисқырық, қонырау, бубен, үшбұрыш, металлофон аспаптары қолданылады. Әуеннің тембрін дұрыс ажыратуларын қадағалайды.          Би: «Вальс» (Шуберт)</p> <p><i>Қол ұстасып, жұптасып,</i>  <i>Шыркөбелек айналып,</i>  <i>Вальс биін билейік! -</i></p> <p>деп би элементтерін үйретеді («Билеп үйренейік»).</p>	<p>Ән авторларымен танысып, шығармалары туралы мәлімет алады. Балалар қуыршақтарды қолдарына алып, ән ырғағымен тербете әлдилейді. Ойында айтылған әндерді естіп, олардың дауыс тембрін ажыратады. Аспаптар атын атап айтып, сол аспаптарда қосыла ойнайды. Жұптасып билеудің қимылдарын жетік меңгергендерін көрсетеді.</p>
<p>Аспапта ойнау: «Сәулем-ай» (халық әні, өндеген Б.Дәлденбай).  <i>Кімде қандай аспап бар?</i>  <i>Тұяқтас пен қоңырау,</i></p> <p><i>Асатаяқ, тоқылдақ,</i></p> <p><i>Домбыра, сырнай тағы бар.</i></p> <p><i>Металлофон бастайды</i></p>	<p>Балалар өздеріне ұнаған аспаптарды таңдап алып, оркестрде ойнауға лайындалады.</p>

ұйымдастырылып, аспапта ойнап  
үйретеді. Ән әуеніне ілесе, ырғақты  
сезіне ойнауға дағдыландырады.

- «Бесік жырының» әуені қандай екен?

-Сәбиді ұйықтатарда қалай әндеткен

дұрыс?

- Әмина әжеміз немересін бесікке қалай  
жатқызды?

-Әжеміз қандай ән айтты?

Сұрақтар қою арқылы оқу іс-әрекетінде  
өткен, үйренген материалдарды  
пысықтайды.

аспаптарды  
меңгереді.

Қойылған  
сұрақтарға  
жауап беріп,  
көріп-  
үйренгендерін  
қайталайды.

Балалар көңілді  
қоштасады.

### **Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әуен динамикасын, тембрін ажыратуды, лирикалық сипаттағы  
әндерді нақышпен орындауды.

**Игереді:** ырғақты сезіне музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауды,  
лирикалық әуенді тыңдап, сезінуді.

**Меңгереді:** дауысқа күш түсірмей әндетуді, динамикалық белгілерді  
ажыратуды.

## № 43 - 44 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Менің туыстарым»

**Мақсаты:** музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке, үлкен-кішіге деген сыйластыққа баулу.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** отбасындағы туыстар бейнеленген суреттер.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** алтыбақан, үшбұрыш, қоңырау, металлофон, бубен аспаптары.

**Алдын ала орындалатын жұмыс:** өз туыстары туралы әңгімелеу, өлең-тақпақтар жаттау, жылы лебіз-тілектер айтуды үйрену. Туыстарына арнап қолдан сыйлықтар жасау.

Сөздік жұмысы: алтыбақан.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері  
Музыка жетекшісінің іс-әрекеті  
Балалардың іс-әрекеті

**«Кел, билейік»** (В.Конорова) әуенінің Балалар көтеріңкі көңіл ырғағына еркін би қимылдарын күймен би қимылдарын жасайды. Би барысында секіртпелі еркін орындап, ырғақты қимылды, орын ауыстыру, бір қырымен сезіне билейді. бір аяқты келесі аяққа соға секіру қимылдарын қадағалау (боковой галоп). Санамақ айтып, көңілденуге шақырады.

*Кел, санайық санамақ,  
Саусақтарды даралап.  
Бір үйде біз нешеуміз?*

*Кел, санайық екеуміз.*

*Бас бармағым - атам,*

*Балаң үйрек - әжем,  
Ортан терек - әкем,  
Шылдыр шүмек - анам,  
Титтей бөбек - мен.*

Отбасы туралы әңгімелесу. Туыстарына өлең-тақпақтар арнау.

*Атам маған әманда,  
Әдепті жан бол деген.*

*Ата сөзі санамда,  
Жасы үлкенге жол берем.*

(А. Асылбек)

*Мейірімді апалар,  
Балалар одан бата алар.  
Қалтасына кәмпит сап  
Немереге апарар.*

Шеңбер бойынатырып, санамақты саусақтарымен көрсете, сөздерін анықтап айтады.

Ойын барысында өзлені

<p>алған бала отбасы немесе туыстары туралы өлең-тақпақ айтып, ән орындауына болады. Ойынға белсене қатысқан балаларды мадақтау.</p>	<p>алуға тырысады. Өз туыстары туралы білетін, жаттаған өлең-тақпақтарын, әндерін айтып, ойынды қызықты өткізуге атсалысады.</p>
<p>1 <i>Жүзімізге қараңыз, Бал күлкілі баламыз. Бізге қымбат күншуақ, Бізге қымбат анамыз.</i> (Ф. Оңғарсынова) 3 - Ең сүйікті де, бізге ең жақын адам кім? - Неліктен анамызды күнге теңейміз? <b>Музыка тыңдау: «Жан анам»</b> (Е.Өміров, Қ.Жәленова). Композитор Е.Өміров туралы әңгімелеу.</p>	<p>Ана</p>

Шығармаларына тоқталу.

**Дауыс жаттығуы: «Әдемі ән».** Жаттығуды орындағанда терең тыныс алып, дауыстарының бірқалыпты шығуын қадағалау.

«Анашым» жаттығуында «а» дауысты дыбысын ауызды «дөнгелете» айту тәсілімен айтқызу, таза айтуларына көңіл бөлу.

Ән үйрену: «Екеуміз әйбат баламыз» (И.Нүсіпбаев, О.Әубәкіров). Әнді орындап, сипаты мен көңіл күйі, мағынасы, мазмұны туралы сұрайды.

- Ән қалай орындалды?

- «Қаракөз» деген кім екен?

- Сендер аналарыңа қалай көмектесесіңдер?

Әннің мәтінін үйретіп, әуенін еске сақтау үшін ырғақты шапалақпен көрсетулерін сұрайды.

**Әуенді-қимылды ойын «Алтыбақан».** Алтыбақанға қыздарды қошаметпен отырғызу, тербету ұлдарға тапсырылады. Ән-ойынды көңілді, жарқын дауыспен орындауды ұсынады.

**Оркестрде ойнау: «Айгөлек».** Музыкалық аспаптар дауыстарының анық шығуын, ұстау тәсілін бақылайды.

Әнді тыңдап, нәзік әуезді сипатын ажыратады. Ән авторлары туралы естіп, біледі. Дауыс жаттығуын орындайды. Дауысты дыбыстарды таза, анық айтуға тырысады. Әннің ойнақы, жүрдек екпінін сезініп, ән мазмұнын түсініп орындауға тырысады.

Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын жеткізеді. Ән әуенін үйреніп, сөзін жаттауға, ырғақпен әндетуге үйретеді. Ұлдар қыздарды алтыбақанға шақырып, отыруға көмектеседі. Тербетіп, «Еркем-ай» әуенімен әндетеді. «Айгөлек» әуеніне қосыла аспаптардың үндестігін сақтап, реттіліктерімен ойнайды.

*Анаң - күнің, жүрегің,*

*Ән - өмір кірегің,*

Әжең - асыл ардағың,  
Атаң - дана қорғаның,  
Қарындасың - қанатың  
Ел-Отаның - жәннатың.  
Сен бақытты ұлансың,  
Бәрі саған қуансын!

(М.Қуанышбеков)

-Туыстарымызды, ата-анамызды сыйлап, ардақтайық, балалар!

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** шығармалардың айырмашылықтарын ажыратуды, әнді дина- микасын сақтап орындауды.

**Игереді:** әнді әсерлене орындауды, ырғақтық динамикалық белгілерді игідануды, ойын шарттарын сақтауды.

**Меңгереді:** ән мазмұнын тыңдап, әңгімелеуді, әуенге сәйкес мәнерлеп қозғалуды.

## № 45 - 46 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Ақ әжем»

**Мақсаты:** музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру. Музыкадағы дыбыс биіктігін, ырғақты мәнерлігін түсініп, ажыратуға үйрету. Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін би қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** ұлттық ішекті аспаптар, үрмелі аспаптар (сазсырнай, шаңқобыз, сыбызғы).

**Қажетті құрал-жабдықтар:** «Әдемі сырмақ», «Әже мен немересі», «Менің әжем» суреттері.

**Алдын ала орындалатын жұмыстар:** әже туралы әңгімелесу, «Менің әжем» тақырыбына сурет салу.

**Сөздік жұмыс:** қошқар мүйіз, сыңар мүйіз, сырмақ.  
Туыстарына сыйлықтарын дайындайды.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері  
Музыка жетекшісінің іс-әрекеті  
Балалардың іс-әрекеті

Балаларға «Марш» екпінімен кіріп, шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Әуен аяқталысымен зал ішінде шашырап жүгіруді, «Марш» ойналғанда қайтадан өз орындарын тауып, әуен ырғағымен жүруді ұсынады. «Вальс» (П. Чайковский) орындалып, балаларға жұптасып тұрып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасауды сұрайды. Әуен аяқталысымен отырып жайғасуды ұйымдастырады. «Менің әжем» атты суреттерді көрсетіп, өз әжелерімен таныстырады. Әжелеріне арналған өлең- тақпақтардан сайыс ұйымдастырылады.

*Мейірімі - жел жібек,*

*Күндей ыстық құшағы.*

*Ет жүрегі елжіреп,*

*«Құлыным» деп құшады. (С. Мәуленов)*

Музыка тыңдап, екпінін сезіне нық жүреді. Әуен тоқтағанда шашырап, жан-жаққа жүгіреді.

Марш ойналғанда өз орындарын тауып, бастапқы қимылды қайталап, шеңбер бойымен жай жүреді. Жұптасу биінің қимылдарын қайталайды.

Әжелеріне арнап жаттаған тақпақ, өлеңдерін, әндерін айтып, сайысқа түсіп, өз өнерлерін көрсетеді.

**Музыка тыңдау:** «Ақ әжем» (К.Қуатбаев, О.Әубәкіров) әнін орындап, балалардан ән сипатын, мазмұнын әңгімелеуді сұрайды.

Құрт пен майды жинаған,

Балаларға сыйлаған.

Бұл әжемнің өмірі

Таусылмайтын жыр маған.

(Х. Талғаров)

**Дауыс жаттығулары:** «Әлди- әлди» және «Ән шырқайық».

Дауыс диапазондарын ескеріп, дикциясына көңіл бөледі. Сөздің анық айтылуын қадағалайды.

**Ән үйрену:** «Әже тілегі» (Т.Қоңыратбай, Х. Талғаров).

Композитордың балаларға арнап жазған көптеген әндері бар. Әуенді орындап, балаларға сурақтар қояды.

Сұрақтарға жауап беріп, өз әжелері туралы әңгімелейді.

- Сен әжеңді қалай қуантасың?

- «Әже тілегі» әнінде не туралы айтылады?

- Сипаты, көңіл күйі қандай?

- Әжемізден үйренген ою- өрнектерімізді бимен көрсетейік. «Өрнек», «қошқар мүйіз», «сыңар мүйіз» би элементтерінің суреттері көрсетіледі.

- Енді би қимылы арқылы өрнектейік. Балаларға би элементтерін жалпы көрсетіп, қайталауларын қадағалайды. Алдын ала қиылып дайын тұрған оюлардан текемет, сырмақ құрастыру.

**Әуенді-қимылды ойын: «Сырмақ жасайық».**

*Саусақтарым майысып,*

*Ою-өрнек оямын.*

*Төрімізге жаятын,*

*Сырмақ жасап қоямын.*

Белгі берілгенде, «Прелюдия» (Ғ. Жұбанова) әуен ырғағымен «Сырмақ» құрастырып, балалар ептіліктерін көрсетеді.

Дауыс жаттығуларында дикцияның тазалығына, а-э, р-л, ұ-ү дыбыстарының анық айтылуына көңіл аудару. Би элементтерін түсініп, суреттегі бейнеленген ою- өрнектерден ұқсастығын көріп, әсем көрсетуге тырысады. Ою түрлерін атап көрсетеді. Өз ептіліктерін, шеберліктерін көрсетіп, әуен ырғағын тыңдай жүріп, сырмақ жасайды.

**Дидактикалық ойын: «Қай аспапта ойнаймын?»**

Ұлттық ішекті және үрмелі аспаптарды қолдану. Дауысын тыңдап, ажыратуын, үлестірмелі текшелерден тауып көрсетуді сұрайды. Ұнаған аспаптарын таңдап алып, оркестр құруды ұсынады. «Сәулем-ай» халық әніне оркестрде ойнауды жалғастыру. \_\_\_\_\_

Текшелерден аспаптарды дұрыс тауып көрсетуді үйренеді.

Аспаптар дауысын естіп, түрлерін ажыратып айтады.

Меңгерген аспаптарында әуенді сезіне ойнайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** лирикалық сипаттағы әуендерді ажыратуды, дыбыс биіктігін анықтауды, ұлттық би қимылдарын билеуді, ою түрлерін есте сақтауды білуі керек.

**Игереді:** «қошқар мүйіз», «сыңар мүйіз» оюлар түрі мен би элементтерін үйренеді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінеді.

**Меңгереді:** сабырлы әуенді созылта әндетеді, ырғақтың мәнерін түсінеді.

## № 47 - 48 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Ана-өмір шырағы»

**Мақсаты:** музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу. Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Әртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру. Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын дамытуды жалғастыру.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** атақты суретшілердің шығармаларынан ана суреттері.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** гүлдер, қоңырау, үшбұрыш, металлофон аспаптары.

**Алдын ала орындалатын жұмыстар:** ана туралы тақпақтар, қанатты сөздер.

**Сөздік жұмыс:** мимика, терция, кварта.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Вальс (Шуберт. «Билеп үйренейік» жинағынан) ойналып, балалар би қимылын қайталап үйренеді. Еске сақтап, биді мәнерлеп орындау шеберліктерін ұштайды. Би элементтерін соңына дейін көрсетіп, бірге мәнерлеп билеулерін қадағалайды. «Гүлдермен би» қимылдары үйретіледі.

Балалар мен аналары туралы әңгіме айтып, өз сезімдері, ой-пікірлері туралы сұрайды. Суретшілердің әйел-ананы бейнелейтін суреттерін көрсетеді, әңгімелейді. (А. Дайнека «Ана», Леонардо да Винчи «Мадонна», Д. Жилинский «Қайырлы таң»).

Үйренген би қимылдарын әуенмен мәнерлеп билейді, өз шығармашылықтарын көрсетеді.

Гүлдермен би қимылдарын нәзік, жеңіл орындайды. Гүлдердің әсемдігін қимылмен жеткізуге тырысады.

Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың бейнелерін атап айтуды сұрайды (қуанышты, салмақты, сабырлы, т.б.)

- Ал сендердің аналарың қандай көңіл күйде жүреді?

- Қуанғанда қандай болады?

- Сендерге ренжігенде не істейді?

- Сендерді еркелеткенде, жақсы көріп иіскегенде түрі қандай болады? Балаларға мимика арқылы көрсетуді ұсынады.

*Еркелеткен баласын,*

*Аман болшы, анашым.*

Атақты суретшілердің еңбектерін тамашалап, эмоциялық бейнелерін салыстырады, әңгімелейді.

Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді.

Мимикамен көрсетіп, бет-әлпетті өзгерте көңіл күй түрлерін көрсетеді.

**Музыка тыңдау:** «Аман болшы, анашым!»

- Бұл ән бәріміздің де аналарымызға арналған.

- Әннің көңіл күйі қандай?

- Сендерге ұнады ма? Мазмұнын әңгімелеуді сұрайды.

Дауыс жаттығуы: «Әдемі ән», «Анашым». Терең тыныс алып, дыбыстардың бірқалыпты шығуына көңіл аудару. Таза айтуларын қадағалау.

**Аспапта ойнау: «Айгөлек»** әуеніне қоңырау, үшбұрыш, бірнеше металлофон аспаптарында ойнауды жалғастырады. Әуеннің ырғағын сезіне, өз реттіліктерін сақтауын қадағалау.

«Өрнек» биінің элементтері қайталанып, еске сақтауға, мәнерлеп орындауға үйрету.

Әнді зейін қойып тыңдап, әсер алады. Нәзік әуенді сезініп, ойға батады.

Алған әсерлерін жеткізе айтып, әңгімелейді.

Жаттығуды көңілді, жайдары орындап, терция (ре I, фа I) ми, ля кварта интервалдарын таза орындауға жаттығады. Әнді тыңдап, нәзік, сазды әуенін сезіне қабылдайды. Әнді орындағанда әннің сипатын түсініп, оны өз эмоцияларымен көрсете біледі.

Металлофонда, қоңырау, үшбұрышта реттілікпен үндестігін сақтай ойнайды.

Оркестрде ойнауға қызығушылықтары артып, көңілденеді. Ұлттық би элементтерін үйреніп, мәнерлеп билеуге талпынады.

	<p><b>Қимылдық ән-ойын: «Алтын қақпа».</b>          Ойын шартын қатаң сақтап, шапшаң қимылдауға, жұптасып, қақпа жасап тұруға дағдыландыру.          - Өз аналарыңа қандай тілек айтасыңдар?          - «Ана - біздің гүліміз» дегенді қалай түсінесіңдер?          - Аналарыңа қандай мерекелік сыйлық ұсынасыңдар?</p>	<p>Ойынды ұйымшылдыспен, тату-бірлікпен белсене ойнайды, қызығушылықтары артады.          Ойларын жеткізе әңгімелеп, сұрақтарға жауап береді.          Өз аналарына тілектерін,</p>
	<p>«Мейің сүйікті анам» тақырыбына өз аналарын бейнелеп, суретін салуға тапсырма беріледі. Көрме ұйымдастырылады.</p>	<p>тақпақтарын дайындайды.          Мерекелік көңіл күймен шығады.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыкалық шығармаларды тыңдап, салыстыру. Түрлі сипаттағы көңіл күйді ажырату, әнді таза, тембрін сезіне орындау.

**Игереді:** әртүрлі көңіл күйді мимикамен көрсетуді. Би қимылдарын мәнерлеп көрсетуді, гүлдермен биді жеңіл, бірқалыпты билеуді, аспаптардың үндестігін естіп, бірге оркестрде ойнауды.

**Менгереді:** әнді таза орындап, эмоциясын көрсетуді, түрлі сипаттағы, ауыспалы әнді мәнерлеп айтуды.

## № 49 - 50 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Домбыра сазы»

**Мақсаты:** музыкалық аспапқа деген қызығушылығын арттыру. Әнді сергек, жігерлі орындауға талпындыру.

**Көрнекілік:** қазақтың ұлттық аспабы - домбыра.

**Сөздік жұмыс:** соқыртеке, домбыра.

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Музыка залына көңілді музыка әуенімен бірінен соң бірі тізіліп, нақты кадаммен келеді. Шаттық шеңберінде бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.

*Домбыра, қайда барсам тастамаймын,*

*Ән менен сенсіз өлең бастамаймын.*

*Екі ішек, он бір перне, бір тиектен*

*Сайрасам қызыл тілмен аспандаймын.*

(Кенен Әзірбаев)

Балалар музыка залына көңілді әуенмен келеді.

Домбыра туралы өлеңді тыңдайды.

Домбыра - қазақ халқының арасында өте ерте заманда кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған, қос ішекті шертіп ойнайтын аспаптың бірі. Домбыра әртүрлі үлгіде ағаштан ойылып жасалады. Дауысы майда қоңыр, құлаққа жағымды.

**Музыка тыңдау:** «Келіншек» (халық күйі).

Күйді белгілі бір композитор шығарып, бір-бірінен естіген күйінде үйреніп, кейін шығарған адам ұмытылып қалған. Осыдан халық күйі болып аталған.

«Келіншек» күйі жаңадан түскен жас келінге арналып шығарылған, жас келіннің жүріс- тұрысы, ширақ қимылы суреттелген.

**Ән үйрену:** «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев, Х. Талғаров). Ибрагим Нүсіпбаев балаларға арнап көптеген әндер жазған қазақ композиторы (суретін көрсету).

«Айналайын ақ мамам», «Кір қуыршақ», «Біз туған күніміз», «Ойыншықтар», «Қыс қызығы» әндерін жазған.

Музыка жетекшісі әнді орындап береді. Балалардың ән туралы түсінігін сұрайды. Әннің мәтінін қайталап, әуенімен қосылып үйренеді.

Домбыра аспабын қолдарына алып, қызықтап, шертіп көреді.

Домбырада ойналған күйді естіп, тамашалайды.

Композитор туралы мәліметтер алады.

Балалар ән туралы түсініктерін жеткізеді.

	<p><b>Ойын: «Соқыртеке»</b> (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек). Бұл ойынның мәтіні де, әуені де басқалау. Бір баланың көзін байлап, ол басқа балаларды әндетіп жүріп іздейді.</p> <p><b>Би: «Апатайым-ай»</b> («Билеп үйренейік»), Би өте көңілді, жеңіл, аналарға арнап қыздар билейді.</p>	<p>Бір бала «соқыртеке» болып, қалған балаларды әндетіп жүріп ұстап алуға тырысады. Биді қыздар жеңіл қимылмен билеуге тырысады.</p>
ялық-ік	<p>Бүгінгі іс-әрекетімізде қандай ән тыңдадық, қандай ән үйрендік?</p>	<p>Балалар көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды.</p>

Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** қазақтың музыкалық аспабы домбыра туралы білулері керек.

**Игереді:** «соқыртеке» деген түсінікті.

**Меңгереді:** жеңіл музыка әуенімен би қимылдарын жасауды.

## № 51 - 52 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімдері:** Музыка

**Тақырыбы:** «Көктем әндері»

**Мақсаты:** музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.

**Көрнекілік:** көктемдегі көріністер, қараторғай суреті.

Сөздік жұмыс: қараторғай, жыл құстары.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Көктем көріністерін бейнелейтін суреттерді қызықтау. Жылы жақтан қайтқан құстардың, жылғаның суреттеріне қарап әңгіме құрастыру.	Балалар көктем көріністері бейнеленген суреттерді қызықтайды.

*Сулар ағып жылгадан,  
Құстар әнін жырлаған.  
Бұлт айдары желбірейді,  
Бұл мезгілді қалай дейді?  
Келіп көктем құстары,  
Бау-бақшада ән салды.  
Оларды жас достары  
Ұя жасап қарсы алды.*

Балалар өлең не туралы екенін айтуға талпынады.

- Балалар, бұл өлең жолдары қандай жыл мезгілін меңзеп тұр?

- Сендер қандай құбылыстарды байқадыңдар?

**Музыка тыңдау: «Қараторғай»**

(Ақан сері).

- Көктем шыға жыл құстары да жылы жақтан атамекеніне келе бастайды. Құстар сайрап, көктемгі көріністерге жан біткендей күйде болады. Көптеген әндер табиғатпен, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулері табиғат аясында қанат қағып жүрген құстарды әнге қосады. Міне, сол әндердің бірі - осы ән. Құстың шырылдаған үнін әнге қосқан.

Ән айту: өткен іс-әрекет кезінде айтқан әндерді еске түсіріп, қайталау. Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.

**Ән үйрену: «Көктем»** (Д. Гусинцев, Т.Исабеков).

Бұл әнде де құстың келуін, өлкенің жанаруын, жеміс ағаштарының бүршік атып гүлдеген кезін жырлаған. Музыка жетекшісі әнді орындайды. Балалардан әннің мазмұнын сұрайды. Мәтінді қайталап, әуенге қосылып үйрету.

**Ойын: «Түлкі мен қаздар».**

Диалог түрінде түлкі бастайды, қаздар жауап қайтарады. Түлкі қаздарды қуады, алдарынан күшік шығып, түлкіні қуып, қаздарды кері қайтарады.

Балалар әнді тыңдап, ән туралы өз түсініктерін айтуға тырысады.

Осымен сабақты аяқтап, үйге тапсырма беріледі.

қимылды үйреніп, әуенге ілесе би билеу.	
<p>- Сонымен, бүгін қандай жыл мезгілі туралы әңгімеледік?</p> <p>- Көктем туралы не білдіңдер?</p> <p>- Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі сендерге қатты ұнады?</p> <p>Қорытындылау.</p>	<p>Көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** көктемгі құбылыстарды, табиғат өзгерістерін білулері керек.

Игереді: жыл құстары, қараторғай туралы түсініктерді.

Меңгереді: үш түрлі музыкаға сай қимылдар жасау дағдыларын.

## № 53 - 54 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Наурыз - жыл басы»

**Мақсаты:** ұлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырып, сыйластық сезімін тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Наурыз дастарқаны, ұлттық тағамдар, арқан.

**Сөздік жұмыс:** наурызкөже, құрт, жент, ірімшік, қонақкәде.

Оқу іс-әрекетінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Ортада дөңгелек үстел, үстінде құрт, ірімшік, жент, бауырсақ, т.б. Үстелдің жанында қазақша киінген әже мен ата отырады.</p> <p><i>Дастарқанда дәміміз, Жайдарымыз бәріміз. Көжесі көп, қыры көп, Қандай жақсы наурыз. (Қ. Баянбай)</i></p> <p>Ата мен әже балаларды қарсы алады.</p>	<p>Балалар дөңгелек үстел жанына келіп, ата мен әжеге сәлемдесіп, үстел айналасына орналасады.</p>

Балалар атамен, әжемен амандасады. Әже балалардан бүгін қандай мереке екенін сұрайды.

- Наурыз дегенді қалай түсінесіңдер?
- Наурызды халық қалай тойлайды?
- Наурызға қатысты қандай ырымдарды білесіңдер?
- Наурыз күн мен түн теңелген кез, ол күні ренжіскен адамдар бір-бірімен құшақ жайып, төс қағыстырып татуласады. Әр үйде дастарқан жайылып, бір-бірінің үйіне қонаққа барады.
- Міне, алдарыңда қазақтың ұлттық тағамдары тұр. Жеті түрлі дәм салып наурызкөже дайындалады.

Ата қонақкәде ретінде ән айтып береді.

**Музыка тыңдау:** «Ақ сиса» (Жаяу Мұса).

Ата әнді орындап болып, балаларға Мұсаның неліктен Жаяу Мұса атанғанын баяндап береді. Сол кездегі байлардың кедейлерге жасаған зорлық-зомбылығын әңгімелейді.

**Ән үйрену:** «Наурыз - жыл басы». Музыка жетекшісі әнді орындайды. Ата мен әжеге қосылып үйренуін сұрайды.

- Әнде не туралы айтылған?
  - Ән көңілді ме, әлде көңілсіз бе? Әннің бірінші шумағын қайырмасымен үйрену.
- Ата мен әжеге өткен әндерді қайталап айтып беру.

**Ойын:** «Арқан тартыс».

Ата өзімен бірге арқан ала келгенін айтады. Қазақтың ұлттық ойыны - арқан тартыс ойынының бөлігін ойнайтынын...

Ата мен әже балаларға ризашылығын білдіріп, мадақтап, қоштасып, үйлеріне қайтады.

Балалар алған көңілді әсерлерімен тарайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Наурыз мерекесі - күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін.

**Игереді:** қазақтың ұлттық тағамдары туралы түсініктерді.

**Меңгереді:** арқан тарту арқылы күш сынасу дағдыларын.

## № 55 - 56 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Қайырлы таң»

**Мақсаты:** жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрену. Әнді орындағанда үндесіп, бір-бірін тыңдап айтуға үйрету.

**Көрнекілік:** музыкалық аспаптар: асатаяқ, сылдырмақ, тұяқтас, Дина Нұрпейісованың портреті.

**Сөздік жұмыс:** тұяқтас, қыран, шапақ, рауан.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Балалар музыка әуенімен залда қарсы алады. Әрбір атқан танымыз арайлы, бәріміздің жүзіміз жарқын, көңілді, құстарымыз сайрап, гүлдеріміз жайнап тұрса, көктем күні қандай керемет!	Балалар музыка залына нақты қадаммен келді. Шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка әуеніне жүгіреді. Шаттық шеңберінде бір- біріне тілек айтады. Шаттық шеңберін жасап, тілектерін тілейді.

Құстардың ішінде де әнші құстар болады. Бұлбұл - әнші құс. Халқымыз даусы әсем әншілерді бұлбұлға теңейді.

**Музыка тыңдау:** «Бұлбұл» (Дина Нұрпейісова).

Дина Нұрпейісова - күйші- композитор. Дина тоғыз жасынан күй тартып, Құрманғазыдан күй үйренген. Кейін өзі күй шығаратын болған. Динаның «Әсемқоңыр», «Бұлбұл», «Жеңіс», т.б. көптеген күйлері бар. «Бұлбұлда» әнші құстың сайрағаны күй арқылы көрсетілген. («Қазақ композиторлары және музыкалық аспаптар»)

**Ән айту:** өткен әндерді еске түсіріп, мәнеріне келтіріп орындау, қайталау. Дауысты қалыпқа келтіріп, дауыс жаттығуын жасау.

**Ән үйрену:** «Қайырлы таң» (Е. Өміров, А. Тойшанұлы). Е. Өміровтың суретін көрсетіп, қысқаша мағлұмат беру («Қазақ композиторлары және музыкалық аспаптар»).

Ән сабырлы, шырқай салынады. Музыка жетекшісі әнді орындап, балалардан ән туралы сұрайды. «Шапақ», «рауан» деген сөздерге тоқталып, түсіндіру. Әнді бөліп-бөліп үйретіп, соңынан қосып айтқызу.

Музыкалық аспапта ойнау: «Тұяқтас» аспабымен таныстыру. Ұрмалы аспаптың ойналу техникасын көрсету. «Сәулем-ай» әуеніне ырғақпен ұрып көрсету.

Бірнеше балаларды шығарып, асатаяқ, тұяқтас, сылдырмақтармен әуенге ілесіп ойнау. Балалардың қалауы бойынша үйренген билерді қайталау.

Балалар күйшімен танысып, күй тыңдайды. Күйден алған әсерлерін жеткізуге тырысады.

Балалар өткен әндерді қайталайды.

Композитормен танысып, жаңа әнді үйренеді.

Балалар музыкалық аспаптармен ойнауға үйренеді. Аспапты қызықпен, бір-біріне қарай

- |  |  |
|--|--|
| <ul style="list-style-type: none"><li>- Өнде не туралы шырқалды?</li><li>- Қандай музыкалық аспаппен таныстық?</li><li>- Сендерге бүгінгі қай іс-әрекет ұнады?</li></ul> |  |
|--|--|

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** түрлі табиғат құбылыстары аспаптың күй тілінде сайрайтынын білуі керек.

**Игереді:** тұяқтас, шапак, рауан деген түсініктерді.

**Меңгереді:** жаңа музыкалық аспапта ойнау дағдыларын.

**№ 57 - 58 технологиялық карталар**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Ғарыш әлеміне саяхат»

**Мақсаты:** шығармашылық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту, есту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыландыру.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** скафандр атрибуты, құрсаулар.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** ғарышты, ғарыш кемесін бейнелейтін суреттер. Ю.Гагарин, Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев суреттері.

**Сөздік жұмыс:** ғарыш, ғарышкер, зымыран, Байқоңыр, скафандр.

Оқу іс-әрекетінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Балаларға Марш (Е.Марченко) екпінімен, тұлғаларын түзу ұстап, аяқтарын көтере жүруді ұсынады. Әуенді-ырғақты қимылдар көрсетіледі. «Кел, билейік» (В.Комарова) ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқтан келесі аяққа жеңіл секіртпелі қимыл жасауды, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіру (боковой галоп) қимылдарын үйретеді.	Балалар марш ырғағын сезіне, денелерін түзу ұстап, нық баса жүреді. Көңілді биді жеңіл, жұптаса билеп, би қимылдарын еркін жасайды. Өз беттерінше еркін билеп дағдыланады.

12 сәуір-Ғарышкерлер күні екенін айтып, ғарыш бейнеленген суретті көрсетеді. Жетекші балаларды ғарышқа саяхатқа шақырады.

Сапар үшін келесі

Дайын ғарыш кемесі.

Бұған ертең мініп ап,

Айға барамыз зымырап.

(А.Сопыбеков)

- Ғарышқа тек мықты, шымыр балалар ұша алады. Ал кәнеки, қазірден жаттығуға әзірленейік! - деп, жаттығулар жасауды ұсынады (музыка жетекшісінің таңдауымен).

Ғарышкерлер күні туралы біліп, түсінік алады.

Дене жаттығуларын бірдей қимылдап жасайды.

Әуен ырғағын сезіне қозғалып, мәнерлеп көрсетеді.

- Міне, енді шынығып, ұшуға дайынбыз.

Скафандрларын киіп, ұшуға дайындық жасалады. Ұнтаспадан «Ғарыш кемесінде» әуені ойналып, балаларға көздерін жұмып, «ұшу» қимылын ырғақты сезіне көрсетуді ұсынады.

- Міне, белгісіз планетаға тап болдық. «Фантастикалық би» (Р.Шуман) ойналып, балаларға робот қимылдарын өз білгендерінше көрсетуді сұрайды. Р.Шуман туралы түсінік береді.

- Балалар, сендер қай планетаға сапар шеккілерің келеді? (Ай, Юпитер, т.б.)

Айға ұшығу бұған тұрағын құрайтын бейнеленген суреттерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

- деген сұрақтар қойып, толық мәлімет береді. Тұңғыш ғарышкер Ю.Гагарин, Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев суреттерін көрсетеді, мәлімет береді. Ғарыш айлағы Байқоңырда орналасқанын, алып зымырандар ғарышқа осы жерден ұшырылатынын түсіндіреді. Әуенді тыңдап, ерекше үндерді естіп, сезінеді. Көздерін жұмып, өздерін ғарыш кемесінде отырғандай сезінеді. Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді. Ғарышкерлер туралы мағлұмат алып, Байқоңыр туралы біледі.

*Көкке ұшамын,*

*Ұшқыш болар баламын.*

*Соңына ерем*

*Мұсабаев ағаның,*

*Даңқы көкке самғаған*

*Тоқтар аға, Гагарин*

*Салған жолды жалғаған.*

Музыка жетекшісінің таңдауымен дауыс жаттығулары орындалады.

- Батыр ағаларымыздай сендер де ғарышкер болғыларың келе ме?

**Ән үйрену: «Ғарышкер боламыз»** (С.Мұхамеджанов, Ш.Мұхамеджанов).

Әннің мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретеді. Жылдам екпіні мен ырғағына мән береді. Секірмелі фа-си, соль-до дыбыстарын таза айтуға ерекше көңіл аударады. Әуенді-қимылды ойын: «Роботтар кемесінде». Үнтаспада робот қимылына сай әуен ойналып, балалар робот қимылдарын көрсетеді. Әуен тоқтағанда, өз «кемелеріне» отырып үлгерулері тиіс. Ғарыш кемесі ретінде құрсауларды қолдануға болады. Үнтаспадан «Ғарыш кемесінде» әуені естіліп, балаларға жерге оралуды ұсынады. Балалардың көздерін жұмып, әуенді сезіне қабылдауларын бақылайды. «Айгөлек» әуенін оркестрде ойнауды жалғастыру (қоңырау, үшбұрыш, металлофон).

Тақпақты қайталап, еске сақтауға, жатқа айтуға үйренеді.

Дауыс жаттығуларын жеңіл, әндете орындайды. Балалар сұрақтарға жауап беріп, көңілдері көтеріледі. Жаңа әнді үйреніп, мәтінін түсінеді. Әуенін сезіне, таза, анық айтуға үйренеді. Әнді тыңдап, сипатын ажыратады. Ән мазмұнын түсініп, әңгімелей алады. Робот қимылын өз еріктерінше көрсетіп, билейді.

Қолды, аяқты тез, шалт қозғау. Тізені бүкпей адымдап жүру. Балалар кемеге отырып, «ұшады».

Оркестрде ойнауды жалғастырады.

«**Кел, билейік**» әуеніне көңілді би билеуді ұсынады. Таныс әуенге би қимылдарын өздеріне ойлап табуды, мәнерлеп билеуді ұсынады.

- Ғарыш айлағы қай жерде орналасқан? Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?

Балаларды мадақтап, белсене қатысқан балаларды атап өтеді. Үйде «Ғарышта» немесе «Зымыран» тақырыбына сурет салуға тапсырма береді.

Көңілді биді өз қалауынша би қимылдарымен мәнерлеп билейді. Ырғақты сезіне қимылдайды.

Балалардың жауабы.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әр сипаттағы шығармаларды тыңдауды, классикалық музыканы ажырата білу, тыңдаған әуенді әңгімелей білуді.

**Игереді:** ғарыш, ғарышкерлер, ғарыш айлағы туралы түсініп, түрлі сипаттағы әндерді анықтауды.

**Мәңгереді:** әнді көңіл-күйіне сәйкес орындауды, шығарманы тыңдап, қимылдары

**№ 59 - 60 технологиялық карталар**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Құстар - біздің досымыз»

**Мақсаты:** вокалды және аспаптық музыкаға қызығушылығын арттыру.

Күйші-композитор Н.Тілендиев туралы түсінік беру. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажыратуға баулу. Ойдан би шығару іскерліктерін дамыту. Жұмбақтар шешу арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Құстарды қорғап, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: құстардың суреті, ойыншық құстар, құстар атрибуттары.

Алдын ала орындалатын жұмыстар: құстарды бақылау, түрлерін ажырату, құстарға ұя жасау.

Сөздік жұмыс: акку, көкек, бұлбұл.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Марш әуенімен кіріп, шеңбер бойымен тұруды ұйымдастырады.</p> <p><i>Қолымызды жасайық,</i></p> <p><i>Құстай қанат қағайық.</i></p> <p>Үнтаспада «Жануарлар әлемі» әуені ойналып, құстардың қанат қағуын көрсете жеңіл жүгіруді ұсынады.</p> <p><i>Көктем келіп шуақты,</i> <i>Балаларды қуантты.</i></p> <p><i>Алақай-ау, алақай,</i> <i>Құстар сайрап,</i></p> <p><i>Бақтар жайнап,</i></p> <p><i>Гүл атты.</i></p>	<p>Маршпен шеңбер бойымен жүреді, аяқтарын нық басады.</p> <p>Құстардың қанатын көрсете, қолдарын екі жаққа созып, аяқұшымен жүгіреді. Бір орында айналады.</p> <p>Балалар тақпақты бірге қайталап, еске сақтауға тырысады.</p>

- Көктем мезгілі келіп, құстар да орала бастады.

Ендеше, құстар туралы жұмбақ шешейік.

*Көктемде ұшып келеді,*

*Жаздай концерт береді.*

Шешуі: Бұлбұл

*Өз атын өзі шақырады,*

*Сөйтіп күнді батырады.*

Шешуі: Көкек

*Тұмсығымен ояды,*

*Асып ұшпақжұлдыздай; сәйкес құстар ән айтты.*

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Тоғай, тоғай, көк тоғай,  
Көк тоғайда көп торғай,  
Тоғай іші қапырық,

Демалайық отырып, - деп, балаларға отырып, жайғасуларын сұрайды.  
Үнтаспадан құстар даусы естіледі («Табиғат үндері» жинағынан).

Құстар дауысын ажыратуларын сұрайды.

**Музыка тыңдау: «Көкек»** (Х.Мұхамедова, А.Рахмат, аударған М.Әлімбаев)  
әнін орындап, көкек әнін қайталауды сұрайды. Ән сипатын, мағынасын  
әңгімелейді. Балалардан сұрайды.

*Көктем, көктем, көктемде*

*Құстардың бәрі де*

*Әнші болып кеткен бе?*

*Біз де ән салайық,*

*Шығып алып бөктерге!*

Жұмбақтардың жауабын ойлана, қызыға шешіп табады.

Балалар әуен ырғағымен секіру, аттау қимылдарын көрсетеді, бірге жасайды.

Отырып демалуға жайғасады. Құстар үнін естіп елеңдейді, қызығушылықпен  
тыңдайды.

Дауыстарын ажыратып, аттарын атап айтуға тырысады. Әнді тыңдап, көкектің  
даусына бірге қосыла әндетеді. Өздері көрген, білетін құстары туралы  
әңгімелейді.

Әнді тыңдап, мағынасын түсінеді.

<p>Дауыс жаттығуы: «Бұлбұл» (К. Шілдебаев, А. Асылбек) үйретіп,  дұрыс тыныс алуларына, дауыс  ырғақтарына көңіл бөледі.</p> <p><b>Ән үйрену: «Көктем»</b> (А.Жайымов, Қ.Сыдыков) әнін орындап, мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретеді. Орындау барысында ырғақтық  ерекшеліктеріне тоқталу. Дыбыс ұзақтығын алақандарымен шапалақтау арқылы көрсету.</p>	<p>Дауыс жаттығуын айтқанда дұрыс тыныс алу, әндете созу, дыбыс ұзақтылығын сақтайды.</p>
<p><b>Дидактикалық ойын:</b>  «Не қалай шақырады?» (Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек) ұйымдастырылады. Балаларға қарға, көкек, шымшық  атрибуттары кигізіледі. Ән мәзмұнына сәйкес құстар әндетіп</p>	<p>Әннің сипатын ажыратып, шапалақтап көрсетеді. Өртүрлі құстардың дауысын салып, ұшуын қимылмен көрсетеді. Үш топқа бөлініп, ойынды қызыға ойнайды. Ойын шартын сақтап, көңілді ойнап, қызығушылықтары</p>

<p>Балаларға аққу суретін көрсетеді.  <b>Би: «Аққу» күйі</b> (Н.Тілендиев)  унтаспада немесе домбыра  аспабында орындалады. Күйдің  көркемділігін, үндестігін сезініп,  түсінулеріне ықпал етеді. «Аққу»    күйіне қыздарға би қимылдары    үйретіледі. «Аққу» биінің    («Билеп үйренейік» жинағынан)  элементтерін көрсетеді.</p>	<p>біліп,  суретін көреді.  Күйді тындап,  әсер алады,  қызығушылықтары  оянады.  Би элементтерін  нәзік,  баяу көрсете,  мәнерлеп  билеуге  талпынады,  үйренеді.</p>
---	--

*Келіп көктем құстары,*

*Бау-бақшада ән салды.*

*Оларды жас достары*

*Ұя жасап қарсы алды.*

- Қандай құстың даусын ұнатасың?

- Сенің аулаңда қандай құстар бар?

- Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар? Алдын ала бірігіп жасаған ұяларды бақ ішіне, ауладағы ағаштарға бекітуді ұйымдастыру.

Құстар туралы өлең, тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақтар айтып, сайысқа түседі.

Қойылған сұрақтарға жауап беріп, құстарға жасаған өз қамқорлықтары туралы қызу әңгімелейді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканың эмоциялық мазмұнын жеткізу, күйші-композитор Н.Тілендиев туралы түсінік алу. Ән мәтінін түсініп, таза айту, мазмұнын әңгімелеуді.

**Игереді:** құстар туралы біліп, мағлұмат алады. «Көктем» әнін үйреніп, мазмұнын түсінеді, «Аққу» биінің элементтерін игереді.

**Менгереді:** әннің музыкасын әндете айтуды, дұрыс тыныс алуды, өз мәнінде нақышына келтіре орындауды, құстардың дауысын ажырата алуды.

## № 61 - 62 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Бақшадағы ән-сауық»

**Мақсаты:** музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі түсті шарлармен зал іші безендіріледі.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** қуыршақтар, ойыншықтар, «Әуенді сағат» дидактикалық ойынының карточкалары.

**Алдын ала орындалатын жұмыстар:** балабақша, достары туралы тақпақтар жаттау.

**Сөздік жұмыс:** қуыршақ мұңы, жас дәуір, түлек.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері  
Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

«Біздің балабақша» (Б.Қыдырбаева, М.Әлімбаев) әні ойналып, балаларды залда қарсы алады.

Қанша бала, қанша қыз,

Бір шоқ гүлміз баршамыз.

Ойын-күлкі ордасы

Біздің балабақшамыз!

Өлеңді айтып беріп, балаларға «**Тату достар**» (И.Штраус) әуеніне өз беттерінше би қимылдарын ойлап тауып, жұптасып билеуді ұсынады.

- Балабақша туралы қандай тақпақ- өлең білесіңдер?

- Балабақшада не үйренесіңдер? - деген сұрақтар қою арқылы балабақша туралы әңгімелесу.

*Аяғы бар, жүрмейді,*

*Аузы бар, күлмейді.*

*Айнымайды бөпемнен,*

*Тек сөйлеуді білмейді.*

*Бұл не?*

Шешуі: Қуыршақ

Ойыншық, қуыршақтарды алып, «Ойыншықтармен би» қимылдарын үйретеді. Қуыршақтарды бірге қозғап, қимылдарын бірқалыпты жасауға дағдыландырады.

**Музыка тыңдау:** «**Қуыршақ мұңы**» (Б.Жүсібәлиев) әуенін тыңдауды ұсынады. Әуенді тыңдатып, сипаты туралы сұрайды. Қуыршақтары туралы әңгімелеп берулерін өтінеді. «Қуыршақтар әуенін» (М.Калганова) тыңдатып, екі әннің ерекшеліктерін сұрайды.

**Дауыс жаттығуы:** «Әлди- әлди» және «Ән шырқайық» орындалады.

Дикцияның анық айтылуы мен дауысты дыбыстарды ауызды «дөңгелете» айту әдісімен жаттықтыру

Қол ұстасып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасайды.

Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билейді.

Балабақша туралы тақпақ-өлеңдер айтады.

Өз балабақшасы, достары туралы әңгімелейді.

Қуыршақтарды ұстап би қимылдарын бірге мәнерлеп орындайды. «Қуыршақ

**Ән үйрену:** «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т.Жұмалиева, Е.Өтетілеуұлы) әнін орындап, мұқият тыңдауды ескертеді. Әннің мазмұнымен қысқаша таныстыру, көңілді, ойнақы әуеніне көңіл бөлу.

Әнді үйреткенде сөздерді анық айтуына, бірге бастап, бірге аяқталуына назар аудару.

Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді. Ырғағы мен динамикасын шапалақтап көрсету арқылы есте сақтайды.

**Ойын: «Алтын қақпа».** Ойынның сөздерін жатқа айтып, бірдей қимылдап, ойын шартының орындалуын қадағалайды. Ойынға белсене қатысқан балаларды мақтайды.

**Би: «Аққу» биінің** негізгі элементтерін үйретіп, мәнерлеп орындауға дағдыландырады («Билеп үйренейік» жинағынан).

**Әуенді-дидактикалық ойын:** «Әуенді сағат» ойналады. Өткен оқу іс-әрекетіндегі әндер орындалып, тыңдалып, ән мәтініне сәйкес бейнеленген суретті сағат тілімен көрсету. «Әуенді сағат» үлестірмелі карточкасын барлық балаға тарату. «Аққала», «Жаңбыр», «Добым менің», «Аязата», «Қуыршақ», т.б. әндер орындалады.

Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен белсене араласады. Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүгіруге дағдыланады. «Құс қанаты», «құс тұмсық» би элементтерін үйренеді, мәнерлеп орындайды. Әндерді тыңдап, ажыратып көрсетеді. Үйренген әндерін еске түсіріп, әуенді сағатта бейнеленген мазмұнына сәйкес суретті тауып көрсету.

- Сендер барлық өнер түрін балабақшада үйренесіңдер.

- Сендерге балабақша ұнай ма?

- Сүйікті ойыншығың не?

- Қандай өнер түрі ұнайды?

*Жатқа білер дос атын,*

*Күнде бізді тосатын.*

*Балабақша - біздің үй,*

*Басымызды қосатын.*

Оқу іс-әрекетін қорытындылайды.

Балабақша, достары туралы тақпақ, өлеңдер, ән айтып сайысқа түседі.

Балалар сұрақтарға көңілді жауап беріп, өз ризашылықтарын білдіреді.

#### **Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әннің сипатын қабылдау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әуенге сай түрлі қимылдарды орындауды.

**Игереді:** музыка сипатына сай, әртүрлі әуенді ажыратуды, салыстыруды, жаңа әннің мәтіндік және музыкалық мағынасын түсінуді, «құс қанаты», «құс тұмсық» би элементтерін.

**Меңгереді:** өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды, тыңдап сезінуді, әңгімелеуді.

**№ 63 - 64 технологиялық карталар**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Ән салып, би билейміз»

**Мақсаты:** музыкалық шығармалар сипатын анықтауды жалғастыру, дыбыстың ұзақтығын, биіктігін ажыратуды дамыту. Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға баулу.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** шертер суреті, композитор

Б. Дәлденбайдың суреті.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** металлофон аспабы. «Етек-етек» ойынына қажетті атрибуттар.

**Алдын ала орындалатын жұмыс:** үйренген би, әндерін қайталау.

**Сөздік жұмыс:** регистр, шертер.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>«Марш» (Е.Брусиловский) ойналып, балалардың шеңбер бойымен жүріп келіп, бірнеше қатарға тұрып, түзу сызық бойымен жүруді үйретеді.</p> <p><i>Үйренеміз өнер біз, Шетімізден шеберміз. Ән де айтып көңілді, Би де билеп береміз, -</i></p> <p>деп, «Тату достар» (И.Штраус) полькасына биге шақырады. Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді.</p> <p>- Кімнің кандай өнері бар? - Кім билегенді ұнатады?</p>	<p>Марш екпінін сезіне, бірнеше қатарға бөлініп тұруды үйренеді.</p> <p>Сап түзеп, қатарласа жүреді.</p> <p>Көңілді полька биінің әуенін сезіне жеңіл қозғалады.</p>

- Ал кім бізге қалаған әнін орындап береді? - деген сұрақтар қойып, балаларға өз шығармашылықтарын, өнерлерін көрсетуді ұсынады.

Өз ойларынан би құрастырып, мәнерлеп орындайды.

*Домбырам күмбірлеп,*

*Күй шерте аламын.*

*Бұрала би билеп,*

*Сурет те саламын.*

«Біз өнерпаз баламыз» атты шағын концерт ұйымдастырылады.

Ән тыңдау: «Балалығым - балғын шағым» (Т.Қажыбаев) атты әнді орындап, мұқият тыңдауларын сұрайды. Әннің мазмұнына ерекше тоқталу. Әннің орындалуына мән беріп, көңіл күйін сезіне әңгімелеуді ұсынады. Ұлттық музыкалық аспап - шертермен таныстыру. Аспаптың суретін көрсетіп, дыбысталуын ұнтаспада тыңдату. Дауыс ерекшелігін еске сақтауға, ажыратуға үйрету. Дауыс жаттығулары: «Дабыл», «Шертер» орындалады. «Дабыл» әніндегі «дүн-дүн» буындарын дауысқа салмақ түсіре анық айтуға үйрету. «Шертер» ән

**Ән үйрену:** «Балдырғандар әні» (Б.Дәлденбай, Н.Жанаев). Авторлардың балаларға арнап жазған көптеген әндерін орындап, айтып жүргендерін ескертеді. Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді.

Әннің әуенін үйретіп, бірге қосыла айтуға икемдейді.

Өз өнерлерін ұсынған балалар ән салып, би билеп, өлең-тақпақтарын айтады.

Концерт көрермендері қошемет көрсетіп, өнерпаздарға қол шапалақтайды. Әнді ынталана тыңдап, мағынасына мән береді. Әннің сипатын ажыратады.

Шертер аспабымен танысып, дыбысталуын еске сақтайды.

Дауыс жаттығуларын анық, таза орындайды. Дыбыс ұзақтығын шапалақтап көрсетеді.

Жаңа әнді тыңдап, әуенін үйренеді. Сөздерін қайталап, мағынасын түсінеді.

Ән авторлары туралы мәлімет алады. Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, «ля» буынына қосыла айтады.

	<p><b>Аспапта ойнау:</b> «Полька». Бірнеше металлофон аспабында оркестрде ойнауға үйрету. Әуенді анық, таза ойнап, ырғақты сезінуге дағдыландырады.</p> <p><i>Ойна, ойна, ойнайық, Биле, биле, билейік.</i></p> <p><i>Ойын ойнап көңілді, Қызыққа тоймайық!</i></p> <p>Ойын: «Етек-етек».</p> <p>Ойын шартын қатаң сақтауларын қадағалау.</p>	<p>Металлофон аспабын менгеріп, таза ойнауға үйренеді. Әуен ырғағына қосыла, үндестігін бере көңілді ойнайды. Қимылды-әуенді ойынға ұйымшылдықпен қатысады.</p>
--	---	---

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** дыбыс биіктігін, ұзақтығын ажыратуды. Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауды білуі керек.

**Игереді:** жаңа ән үйреніп, әуенін таза айтуды, шертер аспабымен танысып, дыбысталуын ажыратуды.

**Менгереді:** музыкалық шығармалар сипатын өз беттерінше ажыратуды, әнді, дауыс жаттығуларын мәнерлеп орындауды, металлофон аспабында еркін ойнауды.

## № 65 - 66 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Музыка әлеміне саяхат»

**Мақсаты:** балаларды музыка әлемімен таныстыру арқылы ұлттық мәдениетімізбен, опера және балет жанрымен таныстыру.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** микрофон, Абай атындағы опера және балет театрының, опера әншілері мен бишілерінің суреттері.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** ұнтаспа, бейнетаспа, интерактивті тақта.

**Алдын ала орындалатын жұмыс:** балалардың өлең, тақпақ, әндерін, билерін жеке дайындау.

**Сөздік жұмысы:** театр, балет, опера, метро, интерактивті тақта, диапазон.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

- Бүгін біз балалардың арасынан ұйымдастырылған «Ән-би» жарысына саяхатқа барамыз», - деп, **«Бақытты балалық шақ»** әнімен («Мен бақытты баламын» СП) ұнтаспасынан) қарсы алады. Балалардың залға келіп тұрып, орындарына орналасуын ұсынады.

- Баладар, музыка әлеміне саяхатқа «метро» көлігіне отырып барамыз. Ең алдымен Абай атындағы Опера және балет театрына барып көрейік, - деп, әнші қызға әннің кезегін береді.

М. Жәутіковтың «Тәтті-тәтті» әнімен билеп барамыз. Әншіге тұруды, жүруді, әртістік қабілетін еркін айтуын көрсетіп, үйретеді.

Балалар жұппен кіріп үйренеді. Өз орындарына тұрып, көңілді ырғақты қимылдарды жасай білуге талпынады.

Балалар залдың бойымен шеңбермен жүріп, әннің ырғағымен билей бастайды. Әнші қыз нақышына келтіріп айтуға тырысады. Балалар көңілді би ырғақтарын зал төрінде тұрып билейді. Әр әнші жеке айтуға талпынады.

(Ұнтаспадан дауыс шығады). Зал төрінде үлкен теледидар немесе интерактивті тақта.

- Балалар, Абай атындағы Опера және балет театрына қош келдіңіздер! - деп интерактивті тақтаны қосады.

- Қойылымды мұқият тыңдап, көру үшін, ұялы телефондарыңызды өшірулеріңізді сұраймын. Қойылым басталғанда, ән айтқанда, спектакль жүргізілгенде шулауға, жүруге болмайды. Сіздер бүгін театрмен танысасыздар және балет «бишілері» мен опера «әншілерін» тыңдайсыздар.

**Ән тыңдау:** «Елім-ай» әнін (Н. Меңдіғалиев) жеке дауыстағы әншінің орындауында ұнтаспадан тыңдайды.

Келесі тыңдайтындарыңыз - «Біржан мен Сара» операсынан үзінді.

Балалар театрға келіп, отыруға талпынады. Театр тәртібін сақтауға тырысады. Балалар интерактивті тақтадан барлық элементтерін көріп, зейін қойып тыңдайды.

Балалар «Елім-ай» атты халық әнін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ұлан Кенжебековтың орындауында мұқият тыңдайды. Балалар би ырғағын көріп, тыңдауға тырысады.

- Балалар, сендер қандай театрда болдыңдар?

Әнші қандай ән айтты?

Абай атындағы Опера және балет театрында Өнші «Елім-ай» әнін жәй, мұңлы, сабырлы айтты «Біржан-Сара» операсын балет бишілері өте жылдам, көңілді, жігерлі билеп шықты

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу керек. Өнді мәнерлеп айтып, сезіне біледі.

**Игереді:** музыка әуенін театрда тыңдай білуді, әртістердің әртүрлі жанрдағы ойындарын.

**Менгереді:** музыка ырғағымен би түрлерін жасауды.

## № 67 - 68 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Ел қорғауға әзірміз»

**Мақсаты:** балалардың патриоттық сезімін ояту, музыканың түрлі сипаттарын ажырата білуге дағдыландыру. Әнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.

**Сөздік жұмыс:** әскери марш, жеңіс күні, мәңгілік алау.

Оқу іс-әрекетінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-цоггауиылыщ	Балаларды залда «Балдырғандар маршы» (К.Қуатбаев) шығармасымен қарсы алады. Орындарында тұрып, жеңіл ырғақ түрлерімен билейді. Жетекші балаларды Панфилов атындағы демалыс паркіне шақырады. «9 мамыр -Жеңіс күні» мерекесіне автобус көлігіне мініп баруды ұсынады.	Балалар музыка ырғағымен жұптасып жүруге, билеуге талпынады. Балалар бірінің артынан бірі жүріп, ырғақпен орындарына келеді.

«Ел қорғауға әзірміз» (К.Қуатбаев, М.Әлімбаев) әнін бірге орындайық.

Аялдамадан түскеннен кейін әскери марш ырғағымен жүреді. Бірнеше қатарға тұрып, әскерилердің қимылдарын көрсетеді.

Балалар қатарласа жүріп мерекеге аттанады. Әнші ұл бала әнді мәнерлеп айтуға талпынады, балалар қайырмасына қосылып, әскери қимылдарды жасауға тырысады.

Жетекші интерактивті тақта, суреттер арқылы Панфилов паркіндегі «Мәңгілік алау» басында жиналған соғыс ардагерлерін, әскерилерді көрсетеді.

**Музыка тыңдау:** «Жеңіс күні» әнін (Д.Тухманов, В.Харитонов) ұнтаспада тыңдайды.

Балаларды елін қорғаған батырлармен таныстырады.

**Би:** «Катюша» әніне көңілдене билеуді ұсынады. «Мәңгілік алау» басына гүл шоқтарын қоюды көрсетеді. Бір минут үнсіз тұрып, соғыста қаза тапқандарды еске алуды қайталайды.

**Ән үйрену:** «Момышұлы Бауыржан» (Е.Өміров, С.Тұрғынбеков).

Ардагерлерге арнап «Сарбаздар» әніне (М. Жәутіков) билеп беруді ұсынады.

Балалар «Мәңгілік алау» басына ардагерлердің не үшін жиналғанын түсінуге талпынады. «Жеңіс күні» әнін тыңдайды.

Бауыржан Момышұлы атындағы ұландардың марш ырғағымен жүріп көрсеткен шеберліктеріне, «Катюша» биіне қызыға қарайды.

«Мәңгілік алау» басына гүл шоқтарын қояды.

«Сарбаздар» әніне билеуге тырысады.

- Қандай паркте болдық?

-Қандай әндер тыңдадыңдар?

-Қандай Би ансамбльдерін білесіңдер?

Дидактикалық үлестірмелі ойын: «Жанрларды ажырат». Балаларға текшелер таратып беріледі.

Панфилов паркінде «Жеңіс күні», «Момышұлы Бауыржан»

## № 69 - 70 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Бағдаршам»

**Мақсаты:** музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау. (Көріністі халық әндеріне салып үйрету).

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** бағдаршам, жаяулар өткелі, тең жолмен қиылыс, қауіпті бұрылыс, басты жол.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** ұнтаспа, дискілер, қасқыр, желаяк, тұлпар, қоян, арыстан кейіпкерлерінің костюм атрибуттары.

**Сөздік жұмыс:** сабырлы, көңілді, жігерлі, бағдаршам, ереже, ескерту, тыйым салу, көрсеткіш.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Жетекші балаларды қарсы алады. «Амандасу жаттығуын» айтуды ұсынады. Б. Бейсенованың «Жол ережесі тәртібі» әнімен балаларды залдын бойымен еркін жүруге, орындарына тұрып билеуге, өз орындарын табуға үйретеді. Қимыл ырғақтарын әуенмен жасауды ұсынады. Қимылдардан шатаспай есінде сақтау үшін сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып жасауға үйретеді.</p> <p>- Бізге қонаққа Қасқыр келіпті. Ол жолдан өту ережесін білмей, сендерден көмек сұрап келіпті», - деп, Ж. Қалжанованың «Қасқыр келді қалаға» көрінісін кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады. (Бұл сахналауды ата-аналарға көрсетеді).</p> <p>Қасқыр:  <i>Еркін өсіп далада,  Келдім бүгін қалаға.  Қиналдым көше тәртібін  Кіргізе алмай санама.</i></p> <p>Музыка әуенімен қимылдар жасайды.</p>	<p>Балалар кіреді, «Амандасу жаттығуын» айтады. Би қимылдарын еркін жасауға, жүруге, орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады.</p> <p>Әннің сөзін тыңдап, есіне сақтауға, шумак қайырмасының қимылдарын білуге тырысады.</p>
	<p>Желаяк:  <i>Бағдаршамға қараймын,  Қараймын мен таңдана.</i></p>	<p>Желаяк сөзін әнге салып</p>

(Зуылдап жүгіріп өтеді).

Тұлпар:

*Ережесін көшенің  
Шемішкедей шағамын.*

*Болмай ма екен тұлпардай.*

*Баяу өте алатын.*

(Ақырындап жүріп өтеді).

Қоян:

*Ой-ой, мына қасқырды  
Көріп тұрмын тұңғыш рет.*

*Қайдан келген бұл өзі?*

*Қалалықтан емес бұл.*

(Қасқыр Қоянды көріп, артынан жүгіреді).

Қоян:

*Әй, әй, Қасеке,  
Не көрінді өзіңе,*

*Қарасаңшы көзіңе!*

*Бағдаршамға қиылып,*

*Караймын мен жыммып.*

*Сары көзі жанғанда,*

*Үлгеремін жүгіріп.*

(Қызыл да жанып үлгереді, артынан Қасқыр жүгіреді).

Арыстан:

*Әй, Қоян, бері кел, бері,*

*Әрі-бері жүгіре берме!*

*Ауылдан келген қасқырға*

*Үйрет мына ережені!*

Қоян:

*Арыстан аға, құп болады!*

*Тек қасқырға айтыңызшы,*

*Мені қуа бермесін,*

*Айтқанымды тыңдасын.*

Жолмен өту

ережесін

көрсетеді.

Қоян қорқақтың

рөлін ойнауға

тырысады.

Қасқыр қуып, Қоян

қашуға талпынады.

Қоян Қасқырға жол

ережесін бұзбауын

түсіндіреді.

Балалар жол

ережесін

естеріне сақтауға

тырысады.

Әндетіп, ырғақтан

шықпай

айтуға

талпынады. Қуаныш,

өкініш,

қорқыныш сезімін

көрсетуге

тырысады.

«Тоқта», «Жол

ашық»

белгілерін есте

сақтауға

талпынады.

Әнді мәтініне

келтіріп айтуға

тырысады.

Арыстан:

*Кел бері, Қасқыр, қасыма,*

*Сенің құлағың - Қоянда,*

*Ал көзің бағдаршамда болсын!*

*Түсіндің бе?*

Қасқыр:

*Әй, Арыстан аға!*

*Қоянға күнім түсеті зәй*

<p>«Тоқтай қал, Қасқыр!»  (Көрсеткіш белгісі)  Дөңгелек көк шеңбер ме -  «Жолыңыз ашық».  Түсіндің бе, Қасеке? Ха-ха-ха!  Қасқыр: Түсіндім, болды енді,  ыржалақтай бермей! Арыстан кетер,  күнім өзіме келер-р-р-р!  Арыстан: Жол тәртібін білейік,  Аман-есен жүрейік.  Қасқыр: Барар жерге асықпай,  Қоян: Аман-есен жетейік.  <b>Ән: «Жолаушылар жыры»</b>  (Ж. Қалжанова).</p>	
<p>Жетекші балалардан жол ережелерін сұрайды.</p> <p>- Кейіпкерлерді сомдау сендерге ұнады ма?</p> <p>- Жол ережесін естеріңе сақтаңдар, жолдан жүгіріп өтуге болмайтынын естен шығармаңдар.</p> <p>- Жолдан өту үшін алдымен қайда қараймыз?</p>	<p>Балалар жол ережесіне жауап беруге тырысады. Рөлде ойнаған ұнайды</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мәнерлеп айтуды.

**Игереді:** музыканы тыңдап, ойын арқылы аңдарды сомдауды.

**Меңгереді:** музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды, рөлдегі қимылдарын әуенмен келтіруді.

## №71 - 72 технологиялық карталар

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Біз мектепке барамыз»

**Мақсаты:** музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** аспаптар, мектеп құралдары.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** ұнтаспа, дискілер.

**Сөздік жұмыс:** ұстаз, мектеп, дана, аспаптарда ойнаймыз, әзілдейміз, қоштасамыз.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Жетекші балаларды «Гүлдер вальсі» (П.И. Чайковский) ырғағымен қарсы алады. Би ырғақтарын сезіне билеуге үйретеді. Шенбермен жүріп, өз орындарына тұруды, жұптарымен ілесе жүруді үйретеді. Б. Бейсенованың «Ұстазға мың тағзым» әнін тыңдауға ұсынады. Балаларды ойынға ұйымдастырады. «Әуенді тап» ойынының шартын түсіндіреді, екі топқа бөледі, әуенді тыңдап, жарысып айтуға үйретеді.

Балалар жұптасып, музыка ырғағымен жүруді, орындарына тұруды орындайды. Әнді тыңдап, сөздерін еске сақтауға тырысады. Балалар ойынды көңілді ойнап, әуенді жылдам еске түсіру арқылы жарысуға тырысады.

**Ән үйрену:** «Қош бол, балабақша» (Р.Төлендиева, С.Қалиев) әнін айтып береді. Балаларға қайталап айтуды ұсынады.

Жетекші балалардың жыл бойы үйренген білімдерін барлық сала бойынша музыка арқылы көрсетуін ұсынады. Кейіпкерлендіру, жүргізушілік қабілеттерін арттырады. Балаларды өздерін еркін ұстауға, әнді сезініп айтуға, биді бірдей билеуге үйретеді. Ұлдарды «рэп» қимылын жасап, ырғақпен әуендетіп «Тіл туралы» жырлауды үйретеді және вальс ырғағын қайталауды ұсынады.

Балалар әнді айтуға, еске сақтауға тырысады. Алған білімдерін саз әуені арқылы жеткізуге тырысады. Музыканы тыңдау, әнді айту, жүргізушіліктерін дамытуға тырысады. Ұлдар би қимылдарын үйренеді.

Вальс, полька билерін қайталап еске түсіруге тырысады.

	<p>Алдын ала дайындалған «Ирландық полька», «Гүлдер вальсі» билерін қайталайды («Билеп үйренейік» жинағынан).</p> <p>«КВН», «Әзіл-сықақ» театры миниатюраларынан үзінді үйретеді. Балалардың рөлде ойнауын ұсынады.</p> <p><b>Ойын:</b> «Алтын қақпа».</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> «Сазды шатыр» ойынын аспаптарда ойнауды ұсынады.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Біз бақытты баламыз» (Р.Тышқанбаев).</p>	<p>Балалар әзілдеуге, қысқа сөзбен қайырып жауап қатуға тырысады. Ойынға белсене қатысып, эмоцияларына жақсы әсерін тигізеді.</p>
<p>Рефлексиялық-түзетушілік</p>	<p>Жетекші балаларды белсенді қатысқаны үшін мақтайды, мектепке дайындықтарының жоғары екенін айтып мадақтайды. Қоштасады.</p>	<p>Балалар белсенді ойнап, қуаныштарын білдіреді. Қоштасады.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдап, сипаттарын ажыратуды, жанрларды білуі керек.

**Игереді:** музыканы тыңдап, аспаптармен ырғақты сезіне ойнауды.

**Меңгереді:** музыкамен ырғақты сезіне би қимылдарын жасауды.

